Ауа райы: ● Қызылорда -16 ● Жаңақорған, Шиелі -16 ● Тереңөзек, Жалағаш -18 ● Қармақшы, Байқоңыр -20 ● Қазалы, Арал -17

# Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

24 ҚАҢТАР СЕНБІ 2015 жыл №10-11 (18898-18899) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев АҚШ Президенті Барак Обамамен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.**

Әңгіме барысында Қазақстан-Америка қарым-қатынасының ахуалы мен перспективалары, сондай-ақ халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды.

Екі елдің көшбасшылары Украинаның оңтүстік-шығысындағы жағдайды талқылады. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан тарапының көзқарасы бойынша Украина, Ресей, Германия және Франция басшылары деңгейіндегі келіссөздер арқылы шешілуі мүмкін осы мәселемен жеке өзі айналысып жатқанын айтты.

Қазақстан Президенті америкалық әріптесінен Украина мәселесі бойынша ортақ мәміле жолын іздестіру ісіне мейілінше белсенді қатысуды өтінді.

Мемлекет басшысы Ресейге қатысты экономикалық санкциялар Орталық Азия өңіріне де ықпал етіп жатқанына тоқталды.

АҚШ Президенті Украинадағы жағдайды дипломатиялық жолмен шешуді жақтайтынына Нұрсұлтан Назарбаевты сендіре отырып, бұл үшін бірінші кезекте Минск уағдаластықтарын орындау қажеттігін атап өтті.

Б.Обама сондай-ақ Қазақстанның халықаралық қауіпсіздікті нығайту ісіне жұмсаған күш-жігерін жоғары бағалады және Мемлекет басшысының Украинадағы қақтығысты бейбіт жолмен шешу ісіне белсенді атсалыса беретініне сенім білдірді.

Телефон арқылы сөйлесуге Америка жағы бастамашылық етті.

● ҮКІМЕТ

## ФОРУМ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС

**Дүниежүзілік экономикалық форумға қатысқан ҚР Премьер-Министрі К.Мәсімов ірі компаниялар мен қаржы институттарының басшыларымен кездесу өткізді.**

Кездесу барысында Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері, соның ішінде Астанада өтетін ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесіне әзірлік таныстырылды. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрінің ресми порталы хабарлады.

Кәрім Мәсімов сондай-ақ Швейцария Конфедерациясының экономика, білім және зерттеулер министрі Йохан Шнайдер-Амманнмен кездесті.

Әңгіме барысында К.Мәсімов пен Й.Шнайдер-Амманн Қазақстан-Швейцария сауда-экономикалық ынтымақтастығының жай-күйі мен келешегін талқылады, соның ішінде тауар айналымын ұлғайту және елдер арасындағы бизнес байланыстарды нығайту сөз болды. Сондай-ақ сұхбаттасушылар Қазақстанның алдағы уақытта Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі мәселелерін қарады.

● ІС–ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

# ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАР ҚҰРУ

## өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырады

**Елбасы өзінің халыққа арнаған "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты Жолдауында индустриялық инфрақұрылымдарды дамытуға ерекше назар аударды. Өйткені инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру құрылыс материалдарына, көліктік-коммуникациялық, энергетикалық және тұрғын үй-коммуналдық салалар үшін өнімдер мен қызмет көрсетулерге үлкен сұраныс тудырады. Осы орайда Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдерге индустриялық аймақтарды нақты жобалармен толықтыру бойынша жедел шараларды жүзеге асыруды тапсырды.**

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өзінің биылғы жылға арналған іс-қимыл жоспарында Қармақшы, Жаңақорған және Сырдария аудандарында индустриялық инфрақұрылым құру бойынша жұмыстарды жандандыру мен Қызылорда қаласындағы индустриялық аймаққа қажетті инженерлік инфрақұрылым тарту бойынша жұмыстарды жалғастыратынын айтты. Сондай-ақ, Арал, Қазалы, Жалағаш және Шиелі аудандарының индустриялық аймақтарында жаңа өндірістер құру бойынша жұмыстардың басталатындығын да жеткізді. Сонда облыс аумағында кең көлемде жүргізілетін бұл жұмыстардың басты мақсаты неде?

Бүгінде өңірімізде облыс басшылығы тарапынан жаңа өндіріс орындарын құрушыларға барлық қолдау көрсетіліп келеді. Соның ішінде аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін индустриялық аймақтар құру жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Осы орайда айта кеткен дұрыс, құрылатын индустриялық аймақтарға инженерлік инфрақұрылым жұмыстарын жүргізудің алар орны ерекше. Бүгінгі күндері индустриялық аймақтар құру үшін барлық аудан мен Қызылорда қаласында жалпы көлемі 906 гектар жер телімі бөлінген.

Өткен жылы төрт ауданға инженерлік инфрақұрылымды жеткізу үшін республикалық бюджеттен барлығы 834 млн. теңге қаржы қаралды. Соның ішінде Арал ауданына 191,9 млн. теңге, Қазалыға 153,6 млн., Жалағашқа 271,7 млн. және Шиелі ауданына 217,8 млн. теңге бөлінді. Қазіргі күні осы аталған индустриялық аймақтарға мердігер компаниялар тарапынан автомобиль жолы, электр және су жүйелері секілді қажетті инженерлік инфрақұрылымдар жүргізілді. Мұнан бөлек, Сырдария және Қармақшы аудандарында жобалау-сметалық құжаттары әзірленуде.

Жалпы бүгінде облыстың барлық аудандарында индустриялық аймақтар құрылып жатыр. Әрі осы мақсатқа 146 гектар жер телімі де бөлінген. Ал, 2013-2014 жылдары аудандық бюджеттер есебінен алты ауданда индустриялық аймақтарға инженерлік инфрақұрылым жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттарды жасауға 46,5 млн. теңге бөлінді. Сондай-ақ, Қызылорда қаласының индустриялық аймағын дамыту тұжырымдамасын әзірлеу үшін 5,2 млн. теңге бөлініп, бұл жұмысты облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы толықтай орындап шыққан. Сонымен қатар облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы бөлінген 20,8 млн. теңгеге индустриялық аймақтың жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеп, оны ҚР Ұлттық экономика министрлігіне жолдаған.

Көпшілікке белгілі, бұрынғы Целлюлоза-картон зауыты (ЦКЗ) біржолата жұмысын тоқтатты. Сонан бергі бірнеше жыл ішінде зауыттың дүние-мүлкі талан-таражға түсті. Оның орнынан енді өндірістік аймақ құрылады. Сөйтіп осы мақсатқа алғаш кезекте 44 гектар жер бөлінді. Сонымен қатар, осы индустриялық аймаққа жергілікті бюджеттен 25,6 млн. теңге қаржы бөлініп, оған газ, су, электр желісі, кәріз жүйесі, автожол, жолды жарықтандыру және телефон желісі секілді қажетті инженерлік инфрақұрылым жеткізілді. Айта кету керек, осы жүргізілген инфрақұрылым жүйелерін қазірдің өзінде пайдаланып отырғандар да бар. Солардың қатарында құрылыс материалдарына қажетті пенопласт өндірумен және электрлі жарық шамдарын залалсыздандырумен айналысатын кішігірім серіктестіктер бүгінде үзіліссіз жұмыс істеп тұр.

Қорыта келе айтқанда, өңірімізде индустриялық аймақтарды құру ісінде кешенді жұмыстар жүзеге асырылуда. Істің бұлайша ұйымдастырылуының басты мақсаты ол облыста жаңа өндіріс орындарын, соның ішінде өндіруші және өңдеуші кәсіпорындарды ашу жайы ойластырылуда. Өз кезегінде олардың тұрақты жұмыс істеуі өңірімізге келетін инвестиция көлемін арттыруға да үлесін қосады. Ал облыстың инвестициялық тартымдылығы артқан сайын ол облыс экономикасының өсіп-өркендеуіне жол ашады.

**Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.**

## САЛЫҚ ТҮСІМІ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛУДА

Кеше облыс әкімдігінің мәжіліс залында салық базасын кеңейтуге қатысты актив кеңесінің отырысы өтті. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен өткен шарада Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысы Серік Мұстафаев баяндама жасады.

Жуырда ғана тағайындалған департамент басшысы С.Мұстафаев ел тайқазанына түсім 104,3 пайызға орындалғанын айтты. Жергілікті бюджет 105,1% орындалған. Өткен жылы облыс салық жинау бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, аймақтар арасында Астана қаласынан кейінгі екінші орынға тұрақтады. Салық жинау көрсеткіші 2013 жылғы көрсеткіштен 22,4 пайызға артып, мемлекеттің қазынасына 400 миллиард теңгеден аса қаражат түсті. Бюджеттің кіріс бөлігі 61 миллиард теңгені құрады, яғни өткен жылға қарағанда 30 пайызға жоғары болды.

Бұл қаржылар апатты мектептердің орнына 12 жаңа білім ошағының құрылысын бастауға, денсаулық сақтау саласындағы бірқатар нысандарға күрделі жөндеу жүргізуге және аудандық ауруханаларды жасақтауға бағытталды. Сондай-ақ, Қорқыт ата атындағы мемориалдық кешенін қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуге және облыс орталығын дамытуға қаржы бөлуге мүмкіндік берді. 2014 жылдың бюджет тайқазанын толтыру бағытында атқарылған жұмыстарды саралаған департамент басшысы салық базасын әрі қарай жетілдіру жолдары туралы кеңінен айтып берді.

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің қызметіне жақсы баға берген аймақ басшысы жұмыстарына сәттілік тіледі. Сонымен қатар, жиын барысында селекторлық режимде Арал, Қазалы және Қармақшы аудандарының әкімдері де салық түсіміне қатысты өз есептерін берді.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

## БАСТЫ ТАЛАП – МЕРЗІМ МЕН САПА

**Облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаевтың қатысуымен облыстық құрылыс басқармасының 2014 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы және алда тұрған міндеттерді таныстыруға арналған алқа мәжілісі өтті.**

Басқарма басшысы Мұрат Тілеуімбетовтің мәлімдеуінше, өткен жылы басқармаға республикалық және облыстық бюджеттерден барлығы 27,24 млрд. теңге қаралып, оның 27,22 млрд. теңгесі игерілген, бұл 99,9 пайызды құрайды. 2013 жылы басқарма арқылы 99 нысанның құрылыс жұмыстары жүргізіліп, оның 61-і пайдалануға берілсе, 2014 жылы бұл көрсеткіш 93-ті құрап, оның 52-сі ел игілігіне қызмет етуде. Сондай-ақ, есепті мерзімде мемлекет қаражаты есебінен 37 545,33 шаршы метрді құрайтын 435 пәтерлі 89 тұрғын үй мен ұзындығы 133,9 шақырым тұрғын үйлердің инфрақұрылым желісі пайдалануға берілген. Былтыр сонымен бірге, барлығы 74 жобалық-сметалық құжаттамалардың 39-на мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынған. Атап айтқанда, білім саласы бойынша –16, денсаулық сақтау саласында – 2, мәдениеттен – 4, спорт саласынан –13, қоғамдық тәртіпті сақтау саласы бойынша – 3, мемлекеттік органдар нысанын дамыту саласы бойынша 1 нысанның жобалық-сметалық құжаттамалары жасалған.

Осы орайда басқарма басшысы үстіміздегі жылы облыс бойынша құрылысы жүргізілетін нысандарға барлығы 19,7 млрд. теңге қарастырылып, оның ішінде басқарманың өзіне 13,1 млрд. теңге көлемінде қаржы бекітілгенін айтты.

Мәжілісте облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаев республикадан келген қаржыны уақытылы әрі өз мақсатына жұмсауды қатаң тапсырды.

– Құрылысшыларға қойылатын талап біреу. Ол – уақытылы әрі сапалы жұмыс жасау,– дей келе, мердігерлердің мойындарына алған жұмыстарына салғырт қарайтындарын, соның салдарынан құрылыс жұмыстары уақытылы бітпей, «сақалды» құрылысқа айналып кететінін тілге тиек етті. Сондай-ақ, бір құрылысты аяқтамай, жарты жолдан тастап кеткен құрылыс компанияларына екінші рет жұмыс тапсыруды тоқтату керектігін баса айтты.

Оған қоса, басқосуда аудан әкімдерінің атына да сын айтылды. Әкімдердің құрылыс салатын жер телімін уақытылы шешпей, шешкен күннің өзінде кез келген жерден бере салатыны, соның нәтижесінде белгіленген аумақ сай келмей, екінші бір жерге ауыстырылатын жағдайлар жиі кездеседі.

Мәжілісте сонымен бірге бірнеше құрылыс компаниясы басшылары облыстық құрылысшылар кәсіподақ комитетінің жетекшісі сөз алып, әріптестерін жауапкершілікпен жұмыс істеуге шақырды.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

● БРИФИНГ

## ОБЛЫСТЫҚ ДРАМА ТЕАТР ЛОНДОНҒА ШАҚЫРТУ АЛДЫ

**"Сыр медиа" ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ержан Абдрахманов өткен жылдың қорытындысына арналған брифинг өткізді.**

Былтыр Сыр елі мәдениеті тарихында тұңғыш рет облыстық филармония жанынан камералық оркестр құрылды. Бұл – өскелең ұрпақты классикалық музыкаға бейімдеу, жоғары кәсіби өнерді құрметтеуге үйрету мақсатында жасалған қадам. Жастарға арналған жаңа қойылымдар қоюды, жас көрермендерді тартуды жүзеге асыру үшін облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры жанынан жастар труппасы құрылды.

Бұрынғы әскери комиссариаттың ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, онда Көркемсурет галереясы ашылды. Осы ғимаратқа Суретшілер одағының филиалы орналасты. Сондай-ақ балалар изостудиясын ашу жоспарлануда.

Қармақшы ауданындағы «Қорқыт ата» ескерткіш-кешені толық реконструкциядан өткізілді. Алдағы уақытта бұл кешен Ұлы Жібек жолы бойындағы халықаралық туристік маршрутқа енгізілмек.

Жылдар бойы қордаланып келген штат мәселесі де шешімін тауып, нәтижесінде ауыл мәдениетін көтеру мақсатында мәдениет үйлері мен клубтарға облыстық бюджеттен 410 штаттық бірлік бөлініп, қажетті мамандармен толықтырылды. Материалдық-техникалық базаны нығайту қолға алынды. Мәдениет мекемесі жоқ шалғайдағы елді мекендерге толық жабдықталған "Зерде" мәдени-ақпараттық заманауи автокөлігі берілді.

Өткен жыл Қазақстан театрлары арасында "Сәбира Майқанова жылы" болып аталып өтті. Осы орайда, Қызылорда қаласында Сыр елінің перзенті, КСРО және Қазақстанның халық артисі С.Майқанованың 100 жылдығына арналған республикалық театрлар фестивалі республиканың 9 театрының қатысуымен жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

2-бет

● ЖЫЛ ҮЗДІГІ

## ӨРКЕНДІ ӨНДІРІСТІҢ ӨНЕГЕЛІ БАСШЫСЫ

**Өткен жыл қорытындысымен СКЗ-U күкірт қышқылы зауытының бас директоры Мәдихан Бекжанов облыс бойынша «Өндіріс озаты» номинациясына ие болса, аталмыш өндіріс орнының жұмысы да жоғары бағаланды.**

Жаңақорған ауданындағы СКЗ-U күкірт қышқылы зауыты 2012 жылдан бері өз өнімін бере бастады. Жылдық қуаттылығы 500 мың тонна болатын алып өндіріс орнының аймақ экономикасының дамуына қосар үлесі айтарлықтай. Бюджет қоржынына салар салық түсімінен өзге үш жүзден астам жұмысшы – қызметкерлерді жаңа жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отыр. Сонымен бірге, аталмыш өндіріс орны Францияның «General Electric» компаниясының турбогенераторы арқылы 18 мВт-тық электр қуаты өндірілетін болса, кәсіпорын мақсатына жұмсалатынынан артық энергиясы аудан халқының игілігіне беріледі. Замана үдерісі жаңа технологияға көшкен уақытта мұндай мүмкіндік жергілікті тұрғындар үшін зор жетістіктерге жол ашары анық.

Ел Үкіметінің Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша жоба құнына алғашқыда 216 млн. АҚШ доллары қарастырылды. Қарқынды сипат алған халықаралық бұл жобаның іске асырылуына Жапонияның «Marubeni» және «Tepco», «Toshiba», Канаданың «UraniumOne» корпорациялары үлес қосқандығын айтқан жөн болар. Ал жабдықтар мен технология желісіне Италияның «Desmet Ballestra» компаниясының озық үлгілері іске асырылды.

Уран өндіруде әлемде көшбасшылыққа шыққан Қазақстан мемлекеті жоғарыда аталған зауытты іске қосу арқылы, Сыр өңірінде атомдық отын шикізатын өндіруге жаңа серпін берді. Сонымен қатар тың жұмыс көзін ашу негізінде оған жергілікті тұрғындарды тарту, жаңа технологиямен жұмыс жасай алатын мамандарды дайындау мәселесі біршама оң шешімін тауып келеді.

СКЗ-U күкірт қышқылы зауытының 2014 жылы бекітілген жылдық жоспары 453 мың тонна болса, межелі өнімді желтоқсан айының ортасында мезгілінен бұрын орындап шықты. Зауыттың тұтынушылары "Байкен-U" және "Қызылқұм" серіктестіктері, "Қазатомөнеркәсібі" компаниясының №6 кен басқармасы. Сондай-ақ, қосымша 72,0 МгВт электр энергиясын өндірсе, оның 37,0 МгВт көлемін Жаңақорған ауданының жұмсауына мүмкіншілік жасады.

Сонымен бірге шеткі аймақ тұрғындарына әлеуметтік қамқорлықтар аясы кеңейе түседі. Демек, бұл жобаның мемлекеттік маңызы зор екендігі анық. Келешекте зауыт күкірт қышқылынан өзге, ауыл шаруашылығына қажетті минералды тыңайтқыштарды өндіру арқылы өз мүмкіндігін арттыра түсуді ойластыруда.

2-бет

## ОБЛЫС АУМАҒЫНДА АЯЗ БОЛАДЫ

«Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда гидрометеорология орталығы хабарлауынша, 24-26 қаңтарда ауа температурасы түнде 17-22, кей жерлерде 25-30 градусқа дейін төмендеуі күтіледі.

Осыған байланысты Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаменті облыс тұрғындарына қауіпсіздікті сақтау шараларына баса назар аударуды ескертеді.

**Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаменті.**

## ТАҒАЙЫНДАУ

Облыс әкімінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы өкімімен **Мұхамедов Бағдат Бахтияруұлы** Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Бағдат Бахтияруұлы 1961 жылы Шиелі ауданында дүниеге келген. Мәскеу қаласындағы Жерге орналастыру инженерлер институтын - инженер-жерге орналастырушы және Қазақ мемлекеттік Заң академиясын заңгер мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1985 жылы «Қызылордасельстрой-16» мекемесінде жұмысшы болып бастаған. 1987-1997 жылдары «Казгипрозем» жобалау институтының Қызылорда филиалында инженер-жерге орналастырушы, облыстық агроөнеркәсіп комитетінің бас маманы, жерге орналастыру және жер қатынастары жөніндегі облыстық комитеттің бас маманы, бөлім бастығы, 1997-2003 жылдары облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы, 2003-2013 жылдары облыс әкімінің орынбасары, облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің төрағасы, облыстық аумақтық жер ресурстарын басқару басқармасының бастығы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша өніраралық жер инспекциясы бастығының орынбасары, ҚР Жер ресурстарын басқару агенттігінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық жер инспекциясының бастығы лауазымдарында қызмет атқарған.

2013 жылдан осы кезге дейін Жер ресурстарын басқару комитеті Қызылорда облысы бойынша аумақтық жер инспекциясының басшысы қызметін атқарып келді.

***

Облыс әкімінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы өкімімен **Апетов Ерсұлтан Амантайұлы** Қызылорда облысының ветеринариялық бақылау басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Ерсұлтан Амантайұлы 1974 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін мал дәрігері мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1997 жылы Жаңақорған ауданы Миялы ауылдық кеңесінің ветеринары ретінде бастаған. 1998-2005 жылдары Жаңақорған аудандық ветеринариялық стансасында және бірқатар шаруа қожалықтарында ветеринар болып қызмет атқарған. 2005-2012 жылдары Жаңақорған аудандық аумақтық инспекциясының жетекші маманы - ветеринариялық инспекторы қызметін атқарған.

2012 жылдан бастап осы кезге дейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Жаңақорған аудандық аумақтық инспекциясының басшысы қызметін атқарып келді.

***

Облыс әкімінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы өкімімен **Мыңбаев Қанат Тұрсынбайұлы** Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Мыңбаев Қанат 1978 жылы дүниеге келген. Білімі жоғары. М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университетін - инженер-механик және экономист, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін инженер-құрылысшы мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2000 жылы «Ернұр» ЖШС-да прораб болып бастаған. 2010-2011 жылдары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Манғыстау облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы; 2011-2012 жылдары - ҚР Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық агенттігінің лицензиялау басқармасының бас сарапшысы; 2012-2013 жылдары - ҚР Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық агенттігінің Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының бастығы; 2013-2014 жылдары - ҚР Аймақтық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық комитеті аттестациялау басқармасының басшысы қызметтерін атқарған.

2014 жылдан осы кезге дейін Шығыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаментінің басшысы қызметін атқарып келді.

***

Облыс әкімінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы өкімімен **Назаров Ерлан Асылбекұлы** Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Ерлан Асылбекұлы 1983 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Білімі жоғары. Экономист-менеджер, әлеуметтік ғылым магистрі. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебін және Америка Құрама Штаттарындағы Дьюк университетін бітірген.

Еңбек жолын 2004 жылы Қызылорда облысы бойынша статистика басқармасының жетекші маманы ретінде бастаған. 2006-2007 жылдары «К-ЮТСервис» ЖШС-да экономист, 2007-2008 жылдары Қызылорда облысының қаржы департаментінің маманы, жетекші маманы, бас маманы, Қызылорда қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы, 2008-2010 жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратының экономикалық талдау және мониторинг, сондай-ақ, экономика және инфрақұрылымды дамыту бөлімдерінің меңгерушісі, 2010-2013 жылдары Жалағаш ауданы әкімі аппаратының басшысы, Солтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары қызметтерін атқарған.

2013 жылдан осы кезге дейін Қызылорда облысының сыртқы байланыстар басқармасының басшысы қызметін атқарып келген.

***

«Қызылорда облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылды.

Осыған байланысты, облыс әкімінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы өкімімен **Тлеуімбетов Мұрат Жолкелдіұлы** Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы лауазымына қайта тағайындалды.

***

«Қызылорда облысының мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылды.

Осыған байланысты, облыс әкімінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы өкімімен **Абдрахманов Ержан Ахметұлы** Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы лауазымына қайта тағайындалды.

## ОБЛЫСТЫҚ ДРАМА ТЕАТР ЛОНДОНҒА ШАҚЫРТУ АЛДЫ

Халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлының 240 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде атап өтіліп, Қызылорда қаласында батырға арналған ескерткіш ашылды.

Халықаралық "ТҮРКСОЙ" ұйымымен бірлесіп, түркі тілдес халықтардың "Қорқыт және Ұлы Дала сазы" дәстүрлі музыкалық өнер фестивалі өткізілді. Ежелгі Қорқыт жерінде бұл фестивальді өткізудегі мақсат – түркі тілдес халықтардың ұлттық дәстүрлі музыкалық өнерін дәріптей отырып, өзара мәдени қарым-қатынас пен байланысты нығайту, тілі ұқсас, ділі ортақ елдердің салт-дәстүрін, қайталанбас өнерінің озық үлгілерімен бірге түркі әлемінің әлі зерттелмеген, өзгеге ұқсай бермейтін бай мұраларымен жұртшылықты таныстыру болатын. Фестивальға Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Молдова елдерінен және Ресей Федерациясының Татарстан, Алтай, Башқұртстан республикаларынан ғалымдар мен өнерпаздар қатысты.

Облысымыздың өнерін алыс-жақын шетелдерде таныстыру мақсатында жыл ішінде бірнеше гастрольдік өнер сапарлары ұйымдастырылды. Атап айтар болсақ, облыстық филармонияның өнер ұжымы арнайы концерттік бағдарламамен Қазан қаласына барып, Сыр өнерін паш етті, сондай-ақ, Түркия, Өзбекстан елдерінде гастрольдік концерттер берді.

Астана қаласында өткізілген халықаралық фестивальға Ұлыбританияның Лондон қаласынан "Orzu Arts" театры мен Санкт-Петербург қаласының "Эксперимент" театры және Қызылорда қаласының Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театры жазушы-драматург Д.Исабековтың "Өкпек жолаушы" спектаклін (үш театр үш тілде) көрерменге ұсынды. Жерлестеріміздің өнеріне риза болған ұлыбританиялықтар облыстық драма театрды Лондонға шақырды.

1-бет

Қазалы ауданындағы Жанкент, Қармақшы ауданындағы Шірік Рабат, Жаңақорған ауданындағы Сығанақ қалашықтарына археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Бұл археологиялық зерттеу жұмыстары жалғасын табады.

Брифинг соңында журналистер облыс көлеміндегі ескерткіштердің келбетіне, алдағы кезеңнің жоспарына қатысты сауалдар қойды.

**М.МЕРЕЙ.**

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

## ЖАНАРМАЙ БАҒАСЫ 7,8 ПАЙЫЗҒА АРЗАНДАДЫ

**Бейсенбі күні облыстық коммуникациялар орталығында Қызылорда облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Құрманқұл Датқабекова журналистерге жанар-жағармай бағасына қатысты баспасөз мәслихатын өткізді.**

Басқарма бүгінде әлеуметтік маңызы бар мұнай өнімдерінің бағаларын тұрақтандыру бойынша облыс аумағында орналасқан жанар-жағармай бекеттеріне күнделікті мониторинг жүргізіп отыр.

Қазір Қызылордада АИ-92 – 108 теңге, АИ-80 – 89 теңге, дизель отыны 107 теңгеден сатылуда.

– Өткен жыл соңымен салыстырғанда жанар-жағармай бағасы 7,8 пайызға арзандады. Бағаны облыс әкімдігімен бірлесіп тұрақты ұстап отырмыз. Өткен жылы республиканың өзге аймақтарында қоғамдық көлік, такси бағалары өссе, біздің өнірде бұрынғы баға сақталып тұр, – деген Қ.Датқабекова, көктемгі егіс кезінде жанар-жағармайдан тапшылық болмайтыны әрі жанармай қоры толыққанды екендігін де жеткізді. Сонымен қатар, дағдарыс туындаған жағдайда артық қор сақталатынын айтты.

Бүгінгі күнде аймақта 121 май құю бекеті жұмыс істейді. Олардың ішінде 56 бекет облыс орталығында орналасқан. Шекті бағадан асырмау туралы министрліктің арнайы тапсырмасымен жұмыс істеп жатқан жанармай құю бекеттері мен делдалсыз арнайы белгіленген 15 оператор жанар-жағармай жеткізіп беруде.

**Нұрәли НҰРБЕК.**

БРИФИНГ

## ТІРКЕУ ТАЛАПТАРЫНДА ӨЗГЕРІСТЕР БАР

**"Сыр медиа" ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында облыстық әділет департаментінің басшысы Балайым Кесебаева БАҚ өкілдеріне арнап брифинг өткізіп, атқарылған ауқымды іс-шаралар мен алдағы міндеттер туралы айтып берді.**

Жаңа жылдан бастап заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ол бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін «Электронды үкімет» веб-порталында тіркеу мерзімі бұрынғы 1 күннен 1 сағатқа қысқартылды. Енді заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және қызметін тоқтатуды тіркеу кезінде мемлекеттік баж алымы алынбайды. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен жарғылық капитал талап етілмейді. Жеке кәсіпкерге бұрын міндетті түрде мөр жасату керек болса, енді оның қажеті жоқ.

Өткен жылы әділет департаменті 912 заңды тұлғаны тіркеді. «Электрондық үкімет» веб-порталы негізінде онлайн режимі бойынша 479 заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден өтті.

Ел азаматтарына, оралмандарға және осында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы заң күшіне еніп, жылжымайтын мүлікті жария ету жөніндегі аудандық, қалалық комиссиялары 2014 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жұмыс атқаруда. Департамент басшысы мүлікті жария етудің заңдылықтарына тоқталып, азаматтың мүлікті иеленуге, пайдалануға ресми рұқсат алуының артықшылықтарын түсіндірді. Облыс көлемінде жылжымайтын мүлікті жария ету жөніндегі аудандық, қалалық комиссияларға барлығы 212 өтініш түсті.

Авторлық құқықты қорғау мақсатында өткен жылы 9 субъекті тексеріліп, 6 әкімшілік құқық бұзушылық туралы материал қозғалды. Контрафактілік өнімдердің бейберекет сатылуына қарсы шаралар атқарылды.

Жалпы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау мәселесінде заңдылықтың сақталуы және аталған актілер міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс. Тіркеу – олардың күшіне енуінің қажетті шарты. Жергілікті мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерін тіркеу қызметі басталғаннан бері облыс бойынша 6700-ден астам акт тіркеуден өтті.

Жыл қорытындысы бойынша АХАЖ органдары барлығы 34026 азаматтық хал актілерін тіркеген. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, туу 19981, неке қию 6426, некені бұзу 1552-ні құрап отыр. АХАЖ органдары электронды қызмет көрсетуді де жолға қойған.

Жыл көлемінде қозғалған барлық атқарушылық өндірістер бойынша мемлекет пайдасына 11 млрд., жеке тұлғалар пайдасына 28 млрд. теңгеден астам қаржы өндірілді. Сот актілерін орындау саласында алимент өндіру мәселесі маңыздылар қатарынан түскен емес. Былтырғы жылы алимент төлемдерін өндіру бойынша 9058 атқарушылық өндіріс орындауда болған.

Жеке сот орындаушыларда 5,5 млрд. теңгеге жуық атқарушылық өндіріс болса, оның 1 млрд. теңгеден астамының өндірісі аяқталған. Алдағы уақытта мемлекеттік сот орындаушылардың жұмыс жүктемесін азайту мақсатында жеке сот орындаушылардың өңірлік алқасымен, ішкі істер департаментімен, мемлекеттік кірістер департаментімен, төтенше жағдайлар департаментімен, тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментімен бірлесе атқарушылық өндірістерді орындау мәселелері бойынша меморандум жасалмақ.

**М.МЕРЕЙ.**

ӘКІМДЕР ЕСЕП БЕРЕДІ

## АУЫЛДАРДЫ АБАТТАНДЫРУДЫҢ АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАРЫ

**Сыр аймағы өткен жылдың көрсеткіштерімен еліміздің көш басына шықты. Яғни, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы мейлінше қарқын алып келе жатыр.**

Сыр аймағының айшықтануына Сырдария ауданы еңбеккерлерінің қосып келе жатқан үлестері қомақты. Содан да бұл ауданның екі жыл бойы Сыр елінің көш басында болуы тектентек болмаса керек.

Жылдағы үрдіс бойынша ауылдық округ әкімдері мен аудан әкімінің ел-халық алдында есеп беруі бастау алды. Сәрсенбінің сәтті күні аудан әкімі Ғ.Қазантаев Аманкелді, Бесарық елді мекендерінде ауылдық округ әкімдері есебін көпшілік сарабына салып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайлы өз есебін де берді.

Ауданда 2014 жылы межеленген әлеуметтік-экономикалық жобалар толықтай жүзеге асырылған. Нақтылай айтар болсақ, Сыр елінің басты байлығы – күріш дақылы 20007 гектар жерге орналастырылып, әр гектарынан 55 центнерден өнім жинап алынған.

– Аудандағы өндіріс және өңдеу өнеркәсібі көлемін былтырғыдан кемітпей ұстап тұруға мүмкіндік алдық. Жұмыссыздық деңгейі төмендеді. Ең бастысы, экономикадағы қаржылық қиындықтарға қарамастан, адамдардың тұрмыс сапасы төмендеген жоқ, – деді аудан әкімі.

Аудан әкімі мен ауыл әкімдері есебінде "Абзал и К" ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты А.Ерәлиев те серіктестік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар барысын баян етті, бірнеше ауыл тұрғындары сөз алып, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

**Еркін АҚҚАЛИҰЛЫ.**
Сырдария ауданы.

## МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ЛАЙЫҚТЫ ОРЫНДАЛУДА

Шиелі ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаев өзінің ауылдық округтердегі кездесуін жалғастырумен қатар, ауыл әкімдерінің есеп беруіне қатысты. Онда әкімдер қызметіне баға берумен қатар ауыл адамдарының ұсыныс-пікірлеріне де назар аударылды. Аудандық мәслихат хатшысы Әшім Оразбекұлы жүргізіп отырған жиындар осы аптада Керделі, Жуантөбе, Бестам, Телікөл, Алмалы ауылдық округтерінде жалғасын тапты. Жиын барысында шығып сөйлегендер аудан әкімінің есепті мерзім аралығындағы атқарған жұмыстарына лайықты баға беріп, ауыл басшыларының да іс-әрекеттеріне өз көзқарастарын білдірді. Керделі ауылдық округінде ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Әбжалиев орталық көшенің біріндегі электр трансформаторын ауыстыру туралы айтса, Жуантөбе ауылының тұрғыны Ш.Қалымбетов балабақшаға балалар тасымалдайтын көліктің қажеттілігін еске салды. Ал Бестам ауылынан Қ.Қыпшақбаев ауылдың киреберісіндегі өткелдегі көпірді жөндеу керектігін жеткізді. Телікөл аулында ауыз су мәселесін түбегейлі шешу ортаға салынды. Елді мекендердегі әлеуметтік жағдайлардың басымы шешілгендіктен басқа сауалдар бола қоймады. Жалпы ауыл адамдарының көңіл-күйі көтеріңкі, Мемлекет басшысының жергілікті жерлердегі жағдайға аса мән беріп, қамқорлыққа алуына ризашылығын білдіргендер мол болды. Аудан әкімі Қ.Сәрсенбаев алдағы міндеттерді де толығымен жеткізіп, жұртшылықтың зор қолдауына ие болды.

**Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.**
Шиелі ауданы.

## ӨРКЕНДІ ӨНДІРІСТІҢ ӨНЕГЕЛІ БАСШЫСЫ

СКЗ-U» ЖШС бас директоры Мәдіхан Бекжанов Сыр өңірінің тумасы, басқару орындарында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарып ысылған азамат. «Қазатомөнеркәсібі» саласында да 1991 жылдан бері еңбек етіп, бұл салада да мол тәжірибе жинақтады. Қызылорда, Алматы, Мәскеу қалаларында оқыған, алғашында химия саласы бойынша жоғары білім алса, кейіннен өз білігін саясаткер, заңгер мамандықтарын алу арқылы жетілдірген, өмірлік тәжірибемен білім мен білікті ұштастырған жан.

1-бет

– Зауыт құрылысын бастау барысында әлемдік тәжірибелерге барынша ден қойылды. «Бұл айтылар ән өзге әннен өзгерек» демекші ол еліміздегі бұрыннан бар кеңестік дәуірдің ескі технологиясымен жұмыс жасайтын күкірт қышқылын шығаратын зауыттар мен цехтарға қарағанда мұнда анағұрлым күрделі, әрі экологиялық жағынан барынша таза болмақ, – деді Мәдіхан Әріпұлы сөз басында. – Мұндай зауыт тек Италияда ғана бар. Сол жерге арнайы жұмыс тобын жіберіп, ондағы жағдайларды зерттеп көрдік, өнім өндіру барысында ешқандай экологиялық қолайсыздықтар туындамайды, ал пайдасы жеткілікті.

Мәдіхан Бекжанов аталмыш өндіріс орнында негізінен жергілікті халықты жұмыспен қамту мәселесінің алға шығарылумен бірге, жастарды осы салаға қажетті мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарына жолдама арқылы жіберу жүзеге асырылатындығын айтты. Тұрғындарды үйрету, олардың кәсіби шеберліктерін қалыптастыруға қаржы қарастырылып, бұл үрдіс тұрақты түрде жүргізілетін болады. Тәжірибе алмасу ретінде мамандарды шетелдік компанияларға іссапарға жіберіп отыру да қарастырылады. Әлеуметтік салада да қамқорлық аясы кеңейеді.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Жаңақорған ауданы.

# КУРСК ШАЙҚАСЫНА қатысқан майдангер

Қазыбек қариямен тамылжыған жаздың бір күнінде ұшырастық-ау. Жаратушының берген бағы болар, жасы тоқсан бірді аттап, тоқсан екіге қарай кетсе де, тың, бақуатты еді. Орта бойлы тарамыс кісінің жасынан бейнетпен шыңдалғандығы әр қимылынан-ақ байқалады. Кеңес өкіметінің үстемдік құра бастаған жылдары қарапайым ауыл шаруасының отбасында дүниеге келіпті. Сол бір жылдар киер киім, ішер тамақ бірде табылса, бірде болмай, зәрулік қысқан уақыттар еді. Шаруаға бейімділігінен болар, әкешешесі шаруашылықтың басы-қасында мұның көбірек жүргенін қалайды. Дария жағалауына таман егін егетіндіктері де болатын, ол жерде де Қазыбек кетпенін шапқылап жатқаны. Осындай арпалысты күндермен жетінші сыныпты да қатар оқып бітірді. Алысқа ұзап, оқу іздеуге шынын айтқанда мұршасы да болмады, күнкөріс оңай емес еді, қалайда аманшылықта бір күнді артқа салса, қуаныштың үлкені сол секілді еді-ау. Кешегі ақ пен қызылдың соғысы, колхоздастыру деп аласұрған заман, ауыл белсенділерінің айосы бір алапат шайқас Сталинград шайқасы аталынады. Адам тіршілігіндегі жер бетіндегі сұрапыл соғыстың бірі десек, жаңылыс айтпағанымыз, өйткені дереккөздер осылай бағамдайды. Өйткені, осындағы кеңес әскерінің үстемдік етуімен неміс басқыншылары өздерінің стратегиялық жағдайын әлденеше төмендетіп алды. Белден ұрылған жыландай, қайта артына қарап айбат шеге алмайтындай батысқа қарай қайқаңдайтыны осы шама. Осы алапат айқастың өрті Волга өзенінің оң жағалауын, Сталинград қаласы маңын кең көлемде шарпыды. Өртенгені өртеніп, күйгені көмір шоғындай бықсыған күйі қалды. Әне, бір-біріне қамқорлық таныта алмаған иесі – адам қолымен жасалынған қастандықтың ауқымы. Қызыл армияның қайта шабуылы "Уран операциясы" аталынатын еді, осындағы №6 Армияның жойқын әрекеті нәтижесінде жау солдатының көпшілігі қоршауда қалып, жойылды, мыңдағаны тұтқынға түсті. Иманов сол сұрапылдың куәгерінің бірі.

– Курск шайқасына да қатыстым, – дейді қарт майдангер. – Қазақылап айтқанда, жаз мерзімі өтіп, қауын пісер мезгіл еді-ау, бұл жауынгерлерге де қолайлы шақ, қыстың күні секілді бүрсеңдемейсің, жеңілдеу киіммен еркін қимылдайсың, шалт әрекет етуге де бейімің келеді.

Орлов, Белград-Харков стратегиялық шабуылы Кеңес әскерінің тиянақты дайындығы, толықтырылған ерен күшімен басталды. Алғашқы кезеңдердегідей емес, қару-жарақтар да жетілдіріліп, әскери тактикалар да жаңа сипынмен атқарылды. Немістер «Цитадель» деп баға берген аталмыш операция 49 күнге созылды. Соның отыз тоғызыншы күні біздің кейіпкеріміз қатардағы жауынгер Иманов Қазыбек жарақат алды. Көрер жарығы бар екен, тура келген ажалдан аман қалыпты. Госпитальда төрт-бес ай емделді. Бәрібір жарақат салдары түбегейлі кетпеген екен, әскери комиссия жарамсыз деп тауып, оны шығысқа қарай жөнелтті. Осылай Майлытоғайдың азаматы Свердловск қаласынан шықты. Осындағы «Уралвагонзаводы» соғыс жағдайына қарай, танк шығаратын өндіріс орнына айналдырылған болатын. Зауыт құрылған алғашқы жылдары, яғни 1936 жылдың 11 қазанында Кеңес еліндегі ең бірінші вагонды шығарған алып зауыт аузынан от құсатын танкті де бірінші болып майданға жөнелткен болатынды. Мына мәліметті келтіре кетсек, артықтық етпейді деп ойлаймыз, «Уралвагонзаводы» бағыты өзгертілген сол соғыс жылдары «Т-34» маркалы танктің 25266 данасын шығарған екен. Сонымен қатар «ИЛ-2» бомбалаушы самолеттің корпусын, авиабомба бөлшегін де шығарып отырған. Міне, осы атақты өндіріс орнында Иманов Қазыбек 1943 жылдың соңынан 1948 жылдың көктеміне дейін еңбек етті. Осында токарь мамандығын игеріп, өзінің айлық жоспарын 120 пайыздан асыра орындап тұрды. Қазақ баласының суреті зауыттың «Құрмет тақтасына» ілінді. Озаттардың бірі ретінде басшылық тарапынан зор құрметке бөленді. Еңбек адамның атын оздырып, басын төрге шығарады деген осы болса керек.

– Күніге кейде 130-140 түрлі қару-жарақтарды майдан даласына қарай аттандырып жататынымыз есте, – дейді ол баяғы күндерге ойша шолу жасап.

Елге оралысымен бір күнде қарап отырмай, тағы да өзі көндіккен бейнетіне араласты. Әуелі облыстық эпидемиологиялық санэпидстанциясында химизатор болып жұмыс істесе, екі жыл Кентау қаласында полиметалл комбинатында бұрғышы болып еңбек етті. Үйленді, үйлібаранды болды, Алла берген перзенттерін сүйді. 1954-1964 жылдар аралығында өзі туылған 17 разъезде теміржолда қара жұмысшы болып нәпақа айырды. Ал зейнетке шыққан 1983 жылға дейін «1 Май» совхозында жұмысшы, звено жетекшісі жұмыстарын істеді. Жұмыстан қорықпаған жұмысты қорқытады, яғни еңсереді деген байырғы сөзді қаперге алсақ, Қазыбек көкеміз қашанда өз міндетін абыроймен атқарып, абыройға кенеліп жүрді. Өзі осынысына шүкірлік айтып, еңсесін тік ұстап келеді. Бұл да адамға берілген үлкен мүмкіншілік екендігіне сөз жоқ.

Ұл да өсірді, қыз да өсірді, барлығы да ата жолын жалғастырып келеді. Қазір сол үйдің иелігі ұлы Алтынбек пен келіні Көркемге тиді. Көшкен керуен кідіруші ме еді, осы мақаланы дайындау үстінде асыл азаматтың жуырда дүниден озғанын естідік, жатқан жері жайлы, жұрты аман болсын дейміз амалсыз. Кешегі қанды қасапта елін қорғаған қаһарман Жеңіс күнін жетпісінші мәрте тойлауға жете алмады.

Бір кем дүние дегенің осы шығар...

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы,
Майлытоғай ауылы.

Әбу Сәрсенбаевтың «Сен, құрметте оны» атты өлеңін бала күнімізден жаттап өстік. Жеңіс мерекесі қарсаңында жиі оқылатын осы жыр көз алдымызға балдаққа сүйенген батырды елестетер еді. Бәлкім, әкем де соғыс ардагері болғандықтан шығар Жеңіс күнін отбасымызбен асыға күтетінбіз. Бұл мерекеде өзгелер тәрізді біздің үйден де қонақ арылмайтын. Омырауы орден-медальға толы әкемнің замандастары дастарханда бас қосушы еді. Өткен-кеткенді қозғап әңгіме шертетін. Кейде көздеріне жас алып қамығып қалатын кездері де болады. Шіркін, балалықай. Ондайда дардай кісілердің жас балаша босағандарына сырттай күліп мәз болатынбыз. Олардың жан сырын есейгенде ұқтық. Бұл қандықөйлек қарулас серіктерді, жат жерде жер құшқан қыршын боздақтарды аңсау екен. Ауылға барған сайын сол көрініс санама оралады. Менің де алқымымды өксік буады. Аға буынға қаншалықты қарыздар екенімізді ұғына түсемін. Қазіргі мезетте Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қатары қатты селдіреп қалғаны белгілі. Көзі тірілері елдің

# "ҚАТТЫАҒЫСТАН" ШЫҚҚАН ҚАҺАРМАН

айбаты – мақтанышы болып жүр. Осындай санаулы майдангердің бірі – Шәкен ауылының тұрғыны Әбжами Алмахов көкеміз.

Олар төртеу еді. Яғни, ағайынды төрт жігіт болатын. Шетінен шыңға ұмсынған қарағайдай тұлғалы-тұғын. Алға қойған мақсаттары да айқын еді. Бір шаңырақтан өрген төртеудің тату-тәтті тірлігін өзгелер үлгі қылып айтудан жалықпайтын. Әттең соғыс атты дүрбелең сол ізгі арманға тұсау салды. Ел басына күн туған сын сағатта Алмаховтар түгел майданға аттанды. Әбжамидің өзімен тетелес ағасы хабар-ошарсыз кетті. Арыстай азаматтың ешбір дерексіз кетуі қандай өкініште. Алланың жазуына не шара?! Қалғандары толарсақтан қан кешіп елге оралды.

Әбжами Арықбалық ауылында дүниеге келді. Кіндік қаны тамған Иланды, Қаттыағыс оған жердің жаннатындай сезіледі. Соғыс басталар қарсаңында жетіжылдық мектепті тамамдады. Не істеу керек? Ойлана келе білімін тереңдетуді ұйғарды. Ол тұста Қазалыда техникум бар болатын. Анау-мынау емес, танымал білім ордасы саналады. Әбжами құжатын тапсырды. Сынақтан да сүрінбеді. Бір күні оқу ордасына аудан басшысы Сегізов келді. Мұғалімдермен тілдесті. Студенттердің сабағына кірді. Жиналыс жасады. Құжаттармен таныстыр. Кетерде техникум директорына Әбжами мен тағы бір баланы ертеңіне өзіне жіберуді тапсырды. Аудан басшысы шақырғанда қобалжымай көр. Айтылған мерзімде жетіп барған екеуді ел ағасы ізетпен қарсы алды. Мән-жайды түсіндірді. Ауылдардан, ұжымшарлардан түскен хаттарда есеп жоқ. Соларды сұрыптап, тиісті жауап қайтару қажет екен. Жауапкершілігі мол шаруаға екеуін лайықты көріпті. Осылайша табан астынан Сегізовтің көмекшісі атанды. Жұмыс бастан асады. Кейде тамақтану, тынығу деген ұмыт қалады. Мұнда да Әбжами белсенділігі, ұқыптылығымен жақсы қырынан танылды.

Сонымен 1942 жыл да жетті. Қақаған қаңтарда Әбжами соғысқа аттанды. Алғашқыда Оралда әскери даярлықтан өтті. Әлденеше ай машықтанып бөлімге түсті. Атақты Сталинград қаласын қорғауға қатысты. Осында қаланы қорғаушылардың теңдессіз ерлігіне қанықты. Қанның селдей аққанын, үзім нанның адам өмірімен тең болғанын көзбен көрді. Соғыс даласынан фашист басқыншыларының қару-жарақ, техникаларын тастап қашқандарын, тұтқын болып қолға түскендеріне куә болды. Әбекеңнің майдандағы жорық жолы Харьков бағытына ұласты. Бірнеше мәрте марапаттар иеленді. Кеудесіне жарқыратып медаль тақты.

Қыркүйекте Әбжами жарақаттанып госпитальға түсті. Есін тұтас тәуліктен кейін жинады. Өзін Жаратқанның бұйрығымен қалың өрттің ортасында аман қалған жалғыз қауырсын сияқты сезінді. Шынымен де солай еді, жаңбырша жауған оқтан аман қалу дегенің кез келгеннің тәлейіне бұйыра бермейтін. Қарулас талай жігітті қорғасын оқ жұлып түсіргенін ойласа көкірегі қарс айырылады. Тыл деген аты ғана. Мұнда да тынымсыз неміс ұшақтары күндіз-түні бомбалап маза бермейді. Жарылған мина, атылған оқ тыным таптырмайды. Әлденеше аптадан соң мұны Ақтаудағы, сәл кейін тау арасындағы госпитальға ауыстырды. Ақыры әскери сапқа жарамсыз деп танылды.

Әбжами құтты қонысымен сағына қауышты. Ауылда бала-шаға, қарттар ғана қалыпты. Елдің жағдайын байқап жәрдем жасауды жөн санады. Бел шеше еңбек етті. Сүт фермасына сүт жинаушы болды. Меже биігінен табылды. Егіс екті. Басшылар сенім артып бригадирлікке жоғарылады. Мал шаруашылығына ойысты. Тағы да өзгелерден оза шапты.

Алып бәйтеректей Әбжами ата өмірлік жары Айниет анамызбен бірге ұл-қызына тағылымды тәрбие сіңірді. Немере-шөбере сүйді. Қарт майдангер қабырғалы елінің амандығын, зеңгір көкті соғыс өрті шарпымауын тілейді.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы.

# СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ САРБАЗЫ

Бала күнімізден әдеби шығармаларды оқып өстік. Бұл менің тұстастарыма тән көрініс. Мектеп кітапханасы оқырмандарға лық толы болатын. Кітапханашы марқұм Несібелі Сүлейменқызы апай өте мейірімді, биязы жан еді. Қажетті кітаптарыңды тауып берумен ғана шектелмей туындының мағынасы жайлы қысқаша шолу жасайтын. Мұнан соң сол шығарманы тездетіп тауысуға тырысатынбыз. Бірде апайдың кеңесімен атақты партизан Қасым Қайсеновтің «Жау тылындасын» оқып шықтым. Соңдағы толғанысымды тілмен жеткізу мүмкін емес. Өзімді жас партизандардың сапында жүргендей сезіндім. Балалықпен соғыс кезінде дүниеде болмағаныма өкінгенім бар. Бір күні ауылға Қасым көкеміз кездесуге келді. Қуанышымыз қойнымызға сыймады. Шағын клубта ине шаншар жер қалмады. Жүздесу соңында даңқты партизан «Соғысқа қатысып елін-жерін қорғағандардың баршасы батыр. Мен жұрт назарына іліксем, тағдырдың сыйы шығар. Небір қаһармандар біздің ортамызда қарапайым ғұмыр кешуде. Ондай ерлер осы ауылда да бар. Алайда келешекте олар жайлы да жазылатын болады. Кейінгі ұрпақ олардың есімін білетіндігіне сенімім мол» деп толқығаны әлі есімде. Аруақты ағаның лебізі қабыл екен. Соңдай саңлақ солдаттың бірі – Сексеуіл кентінің тұрғыны Берден Тұрсынбаев атамыз.

Берден ақсақал Сексеуілде туып-өсті. Әркімнің туған жері – өзіне жұмақ. Бәкең үшін



осынау құтты мекенінен асқан қоныс жоқ. Аңғарғанға бұл маңның көркі де өзгеше. Жап-жазық өлкенің нақ ортасында Тербенбес аталатын төбе бар. Маңғаз даланың ажарына сән қосып, сұс-айбат беріп тұр. Құдды табиғат-мүсінші қолдан қашап орнатқандай әсер қалдырады. Киелі атырапты жұртшылық мақтаныш тұтады. Әрі көзінің қарашығындай сақтауға тырысады. Ел басына күн туғанда тұрғыластары сынды Берденді де қан майданға аттандырған осындай перзенттік парыз еді. Ол шақта Кеңес өкіметі аталатын ұланғайыр мемлекеттің барша тұсы ортақ үй, қасиетті Отан есептелгені баршаға аян. Ал жатпығылдылар үйінің тыныштығын бұзса, ер азамат басын бағып, бұғып қалмасы тағы анық.

Берден көке Беларусь майданында шайқасты. Атқыштар дивизиясының жауынгері ретінде жаумен белдесті. Атынан білініп тұрғандай атқыштар нағыз кескілескен ұрыстың бел ортасында болады. Әскерилердің арасында оларды «шабуылдың жүрегі» атайды. Үнемі сұрапылдың ішінде жүрген адамның қауіп-қатерге де еті үйренеді екен. Талай қанды қасаптан аман шықты. Сонан соң Калинин қаласын азат етуге қатысты. Сексеуілдің саңлақ ұлы батылдығымен көзге түсті. Витебск түбіндегі сойқанда сол аяғынан ауыр жараланды. Оқты боратып жүгіріп келе жатқан-ды. Аяғы шым ете түсті. Іле-шала дүние төңкеріліп кеткендей болды. Госпитальдан кейін қайтадан қатарға қосылды. Бұл жолы қолға түскен неміс тұтқындарын күзетті. Тағдырға не дауа, тұтқында қандай күй болсын?! Күні кеше жұмыр әлемді жаулауды мұраттаған фашистердің жүні жығылып қалыпты. Мүләйім кейіпте мөлтең қағады. Күңұзағына берілген жұмысты атқарады.

Елге оралған соң еңбекке араласты. Депода жұмысшы болды. Бертін келе тепловозды игеруге ұмтылды. Алғашқыда көмекшіліктен басталған жолы машинистікке ұласты. Ұжымдастары арасында ілтипатқа бөленді.

Жылжып жылдар өтті. Кешегі бала Берден тамырын тереңге жіберіп, жапырағын кең жайған бәйтеректей бүгінде. Жетпіс жылдан бері бейбіт күн шуағын шашуда. Ұзағынан сүйіндіргей. Осыдан 70 жыл бұрын қолына қару алып, елін жаудан қорғаған қаһарманның бір тілегі осы.

**Ж.АЙДАРБЕКҰЛЫ.**
Арал ауданы,
Сексеуіл кенті.

# «ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ» елжандылыққа баулиды

**Жуырда батыр Нағи Ілиясов ауылында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған салтанатты кеш болып өтті. Ауылдық округ әкімшілігі мен №132 Т.Айтбаев атындағы орта мектеп ұжымының ұйымдастыруымен өткен «Ерлікке тағзым» атты кездесу кеші мән-мағынасын ашқан тағылымды кездесудің бірі болды.**

Кездесу шымылдығын ауыл әкімі Гауһар Әділбаева ашып берді. «Бұл мереке әр кезде де батылдық пен ерліктің, қаһармандықтың символы, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі. Құрметті ардагерлер, болашақ ұрпақ үшін, егемен ел тәуелсіздігін қорғаушылар үшін жарқын үлгі болып қала бересіздер. Сіздердің қан майданның алдыңғы шебіндегі ерліктеріңіз, тылдағы ерен еңбектеріңіздің арқасында еліміздің бүгінгі ұрпағы келісіммен бейбіт өмір сүруде. Ерен ерліктеріңіз, қажырлы еңбектеріңіз бен табандылықтарыңыз үшін, қадірлі ардагерлер – алдарыңызда бас иеміз» – деді. Өз кезегінде сөз алған «Сырдария ауданының құрметті азаматы» Төребек Жұмабекұлы, «Болашақ өмір ұрпақ үшін жанын қиған майдангерлер ерлігі ғасырлар өтсе де, ұмытылмай тарихта жазылды. Соғыс – ұлы сынның, ерліктің, батырлықтың мектебі болды, соғысқандар үшін ғана емес, соңғы келер буындар үшін де мектеп. Соғыс кезіндегі кеңес адамдарының сан қилы ерліктері – жас жүректерді шыңдайтын қызулы көрік. Қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батырларымыздың рухына бас иіп, мәңгілік тағзым етуіміз керек» деді. Мектеп ұжымы қатысушыларға арнап шағын сый-сыйпат көрсетті. Білім ордасының ұжымы «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат!» атты кітап көрмесімен таныстырып, естеліктер айтысты. Мектеп оқушысы Мадина Смағұлова ардагерімізге арнап әсем ән шырқады. Заманбек Ахметжанов пен Аружан Дәуренбекова жүрекжарды арнауларын арнады. Ауылдың белсенді жастары атынан Жанболат Нұрмағанбетұлы сөйледі. «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі белестерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Яғни, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан Халқы Ассамблеясы мен Конституциясының 20 жылдығы. Сонымен қатар, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Қазақ елінің ертеңі – бүгінгі жастары. Өткен тарихымызға тағзым, бүгінгі бақытымызға мақтаныш, гүлденген келешекке сенім «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымда жатыр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесіңді қосып дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жас бойымызға сіңіре білуіміз керек» – деді.

«Ер есімі – ел есінде» демекші, елімізді, жерімізді жаудан қорғаған азаматтар халық жадында мәңгі сақталмақ. Кездесу кешінің мақсаты да жастарға ержүрек қазақ жауынгерлерінің қаһармандығы туралы әңгімелеу, Ұлы Отан соғысы жауынгерлерін еске алу және жасөспірімдерге әскери-патриоттық тәрбиелеу мақсатында еді.

**Нұрбек САҒАТҰЛЫ.**

● ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ТУЫСТЫҚ

# Кәріс құдағи Елена

**Кан Елена Семеновна Шиелі ауданының Авангард колхозына келіп жұмысқа орналасқан кезінде жап-жас келіншек еді. Ол ұзақ жылдар бойы аталмыш шаруашылықта есепші болып қызмет атқарды. Өмірлік жолдасы Тен Александр екеуі Қазалыдағы техникумда қатар білім алып, сонда жүріп көңіл жарастырды. Қызметтерін де осында бірге бастады. Содан бері де көш- керуеннің соңында жарты ғасыр уақыт қалыпты. Елена апаңыз қазір жетпіс сегізінші қысты қарсы алып отыр. Әрине, бұл аз уақыт емес.**

«Мен кезбеймін, несібем кезеді» деп қазекем айтпақшы сонау 1937 жылдан бастап, Қиыр Шығыстағы шекара аумағынан кәріс ұлтының өкілдері Орта Азияға жер аударыла бастады. Олардың басымы Өзбекстан Республикасы мен Қазақстанның Оңтүстік Қазақстан облысына, Арал мен Балқаш теңізінің жағалауындағы елді мекендерге орын тепті. Бір шоғыры Сыр бойының Шиелі ауданына келіп қоныстанған болатын-ды. Сталин мен Молотов қатар қол қойған қаһарлы құжат жалма-жан жүзеге асырылып, Примор аумағының кешегі тұрғындары колхоз-колхоз болып түп көтеріліп, осында келді. "Большевик", "Авангард", "Гигант" аталатын колхоздар кіл кәрістерден құралған шаруашылықтар еді. Бұрыннан да өздеріне қолайлы кәсіп санайтын олар егіншілік ісін дария жағалауында да жалғастырды. Диқаншылықтың көзін білетін еңбекшіл халық көкөніс пен бақшаны жайнатып, күрішіңізді де тербелтіп қойды. Сол кездегі мәліметтерге мән берсек, жоғарыдағы депортациялау жарлығы бойынша 172 мың кәріс ұлты өз отанынан жер аударылған екен. Бұл дүрбелеңнің басты себебі – Жапон мен Қытай арасындағы кикілжің салдары болатын. Корея сол кездері жапондықтардың бір бөлігі саналатын еді. Кім біледі, күндердің күнінде іштен шыққан жау жаман демекші зобаланды күндер туа қалса, сырттан көз алартқандарға бүйректері бұрып кете ме деген қауіп ойлағаны болар, жаңадан керегесін керген Кеңес үкіметінің. Өйткені бұлайша халықты ұлттық ерекшеліктеріне қарай өзге мекенге жер аудару расында сол кездері алғаш қолға алынған шаралардың бірі еді. Хош, сонымен Шиелі ауданына келіп жайғасқан кәрістердің үш шаруашылығы егіншілік саласынан өзге мәдени өмірде де үлкен сілкініс әкелді жергілікті жерге. Бұрындары мал бағумен айналысатын шашыраңқы халық ұйымдасқан шаруашылық маңына біртіндеп топтаса бастады. Азаматтары мал шаруашылығымен қатар егіншілікке де бой үйретті. Бастысы, жергілікті халық пен теңіз асып келген адамдар тату, ынтымақты өмір сүрді. "Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі таңдайдан кетпейді" демекші, жылы қабақ танытып, қамқор қолын созған қазақтарды кәріс ұлтының өкілдері өмір бойы сыйлап, құрметтеуінен танған жоқ. Диқаншылықтың тиімді технологиясын меңгерген олар жылма жыл мемлекеттік жоспарларды асыра орындап, қырманды Сыр маржанына толтырумен болды. Соғыстан кейінгі елу, алпысыншы жылдары осы ауылдың өзінен 16 бірдей Еңбек Ерінің шығуы расында таңқаларлық оқиға еді. Қазақтар да сол кезде күріш өсіруге зейін аударып, оның қыр-сырын жете үйренуге күш салды. Ыбырай Жақаевтың екі мәрте Еңбек Ері атанып, соңынан көптеген ізбасар ертуі жергілікті халықтың да бейімділігімен бірге, адал бейнетті арда санайтындығының белгісі болса керек.

Елена Семеновна мен Тен Александрдың отбасына Шиелі құт-береке әкелді. Тұңғыштары Виканың соңын ала өмірге Евгений, Жанна, Мила, Сергей келді. Қазір бәрі де осы ауылдан қанаттанып ұшып, кең әлемнің түкпір-түкпірінде тіршілік етіп келеді. Бәрі де жоғары білім алған, қалауларынша шаңырақ көтерген. Бір қызығы, Сыр өңірін, оның ішінде Шиеліні жанындай жақсы көретін кәрістің балалары қазақтармен әлі қарым-қатынастарын үзген емес, дос көңілмен араласып, кейбірі құдажекжат дегендей, біте қайнасып жатыр. Осы өзіміз әңгіме етіп отырған отбасының үлкен қызы – Вика қазақ жігітіне тұрмысқа шыққан. Қостанайдың қазағы Әділхан Ысқақовтың жары, екіүш бала тауып берген отанасы. Ал Ақтөбе медициналық институтын бітіріп, дәрігер мамандығын алып шыққан Сергей де қазаққа күйеу бала. Оның келіншегі Ләззат өзіміздің қаракөз қыздарымыздың бірі. Жанна есімді ортаншы қыздарының ұлы Александр да қазақ қызын жар етіпті. Бізге дастарқан жайып, шәй қойып зыр жүгіріп жүрген осы үйдің келіні, қазақ қызы Зульфия – Сарыағаштан. Мейлі, қосағымен қоса ағарсын дейміз, қашанғы қонақжайлық әдетімізбен. Олардың да Валерий мен Виктор есімді екі ұлы бар. Тен кария өмірден өткенімен шаңырағы орнында, балалары өсіп-өніп ұрпағын көбейтуде.

Тілшіге жол басшы болып келген Сәрсенбай Көбегенов ауыл шаруашылығының білгірі. Тоқсанншы жылдары ауыл әкімі қызметін де атқарып, шаруашылықтың бас маманы қызметтерін де үйлестіріп, көптің қамы үшін зыр жүгіретін азамат. Сол үшін де ол жерлестеріне қадірлі.

– Көбегенов, – дейді Елена Семеновна, – көктемде егін егетін жерді бізге осы бастан дайындай бер, капуста көгертіп, пияз отамаса кәрістердің ауырып қалатынын білесің ғой, – дейді оған өзіне іштарта сөйлеп. Мұның өзі ауыл тұрғындарының ерекше жарасымдылығын сездіретін секілді.

– Шаруашылықта бас бухгалтер болған Раушанбек Әшіров, бас экономист Яхия Әлиев, директорымыз Жолдыбай Ақмолдаев бәрі де жұмысқа жаны ашитын, жұртты алаламайтын асыл жандар еді, ертерек кетіп қалды ғой, – деп қамығыңқырап қалды әжей.

– Шаруашылықтың алғашқы басшыларының бірі Хан Виктор, күріш өсірудің шеберлері Цой Ен Сун, Чагай Гейсеби, Цон Максим, Те Василий, Хегай Александр, Ли Вера бәрі де нағыз азаматтар еді, Қанша ауыр жұмыс істесе де үнемі көңілді жұруші еді, – дейді Сәрсекең де қашаннан бірге келе жатқан ауылдастарын еске алып.

Авангардта әлі де жиырмадан астам кәріс отбасысы тұрады. Ким Александр, Пак Герасим, Ким Алеша, Мун Адольф, Ким Элла, тағы басқалар әлі де қызу еңбектен қол үзбеген жандар. Жергілікті халықпен біте қайнаса тіршілік ететін олар мемлекетіміздің дамып, әлемдегі озық елдердің қатарынан көрінуіне өз еңбектерімен үлес қосып келеді.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы,
Ақмая ауылы.

# ТАТУ ЕЛДІҢ ТУЫ БИІК

Біз бүгінде бір атаның баласындай үлкен отбасында өмір сүріп жатырмыз. Татулығымыз берік. Қашанда бір-бірімізге қол ұшын созып, бір нанды бөле жеген бауырлардай етене араласып, бір мақсат жолында келеміз.

Негізінен биылғы жыл мәдени іс-шараларға толы болмақ. Қазақстан халқы Ассамблеясы мен ҚР Конституциясының 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығын және Ұлы Жеңістің 70 жылдығын жоғары деңгейде атап өту жоспарланды. Бұл шараларға байланысты үлкен дайындық жұмыстары жүргізілуде. Осыған орай әрбір өңірде мәдени іс-шаралар жоспары әзірленді. Тағы бір айта кетерлігі, еліміздің түкпір-түкпірінде ашылған ұлттық-мәдени орталықтар белсенді түрде кең көлемдегі шараларды ұйымдастырып жатыр. Осы тұста облыстағы "Қырғыз қоғамдық мәдени орталығы" қоғамдық бірлестігінің атқарып жатқан жұмыстары орасан. Қоғамдық бірлестік мүшелері түрлі іс-шаралардың өтуіне ұйытқы болып, белсенді түрде атсалысып келеді.

Біздің елде барлық ұлттар бір-бірімен араласып, құраласып тіршілік етуде. Оларға өздерінің ұлттық салт-дәстүрлерін, әдет ғұрыптарын, мәдениетін, тілін байытып дамытуға мүмкіндік жасалған. Сонымен қатар біздің өңірімізде ұлтаралық қарым-қатынастың мызғымас ұйытқысына айналған татулықты, этностардың бірлігі мен бір мақсатқа жұмылуының айқын көріністерін көруге болады. Мұның бәрі ұлттық-мәдени орталықтардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, ынтымақ пен бірлікте байланыс жасап жатқандығын білдіреді.

Ең бастысы және маңыздысы ұлттар арасындағы татулық берік болғай!

**Сақтапберген ЖҰБАТҚАНОВ,**
**облыстық "Қырғыз қоғамдық-мәдени орталығы" қоғамдық бірлестігінің жетекшісі.**

# МАҚСАТЫМЫЗ БІРЛІКТІ НАСИХАТТАУ

Қазақстан – көпұлтты ел атанған бірден-бір мемлекет. Қазіргі таңда елімізде 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар мекендейді. Олардың арман, мақсат, тілегі бір. Сонау тарих көшінің белгілі бір кезеңінде тағдыр тауқыметін арқалап, солақай саясаттың құрбанына айналып, елімізге келіп қоныстанған олар үшін қазақ жері киелі алтын бесікке айналды. Ұлтаралық татулық арқасында елімізде тыныштық пен бейбіт заман орнады. Ұлттық-мәдени бірлестіктер құрылып, өз жұмысын бастады. Бұл бірлестіктер бір-бірімен тығыз қарым-қатынас орнатып, қоғамдық іс-шараларға белсене араласып келеді. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын атап өтпек. Бұған үлкен әзірлік жасалуда.

Осы орайда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясы хатшылығының ұйымдастыруымен кездесу болып өтті. Оған облыстық ассамблея хатшылығының өкілдері, этно-мәдени бірлестіктердің жас мүшелері, өңіріміздегі жастар ұйымдарының белсенді жастары мен оқу орындарының оқытушылары қатысты.

Шараның негізгі мақсаты – облыс жастарының толеранттылық деңгейін көтеру, саралалық қарым-қатынасты нығайту, этно-мәдени бірлестіктермен бірлесіп, қоғамдық шараларға белсене қатысу және де алдағы атқарылатын шараларды кеңінен талқылау болып табылды.

Сонымен қатар кездесу барысында облыстық ассамблея хатшылығының жас мүшелері өздерінің ой-пікірлерімен бөлісіп, алға қойған мақсаттарын да айтып өтті. Сондай-ақ, этно-мәдени бірлестіктер мен жастар ұйымдарының биылғы жылға арналған жоспарлары тыңдалып, талқыланды. Алдағы уақытта жастардың қатысуымен түрлі форматтағы шаралар да ұйымдастырылатын болады.

**Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.**

ЖОБА

## «Қызылорда облысының ветеринариялық бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген «Қызылорда облысының ветеринариялық бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының ветеринариялық бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С. С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Қ. КӨШЕРБАЕВ.**

*Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «__» қаңтардағы №___қаулысымен бекітілген*

«Қызылорда облысының ветеринариялық бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі

### 1.Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының ветеринариялық бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) ветеринария саласында басшылықты жүзеге асыратын жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Басқарманың құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. Басқармаға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның тұрған жері: индексі 120008, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Абай данғылы 60 А.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - «Қызылорда облысының ветеринариялық бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

### 2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы:

экономика жағдайында аумақтың эпизоотиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету және мал шаруашылығы өнімінің экспорттық мүмкіндіктерін ұлғайтуға бағытталған ветеринария саласындағы бірегей мемлекеттік саясатты жүргізу, облыс аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау, жануарлар аурулары диагностикасының, оларға қарсы күрестің және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруы кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алу.

15. Міндеттері:

1) жануарларды аурулардан қорғау және емдеу;

2) халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау;

3) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау;

5) ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөп қоспаларының қауіпсіздігі мен сапасын бақылау;

6) жануарлар аурулары диагностикасының, оларға қарсы күрестің және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралдары мен әдістерін әзірлеу және пайдалану;

7) жеке және заңды тұлғалардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруы кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және оны жою;

8) ветеринария ғылымын дамыту, ветеринария саласындағы мамандарды, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

16. Функциялары:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен берлесе отырып, халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

2) ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) облыстың аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау;

4) осы облыстың аумағында орналасқан екі және одан көп ауданда пайда болған жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөнінде ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

5) ветеринариялық мақсаттағы препараттар өндірісін қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ветеринария саласындағы қызметті лицензиялау;

6) уәкілетті орган белгіленген тәртіппен аумақты аймақтарға бөлу туралы шешім шығару;

7) уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағына ветеринариялық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын бекіту;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ветеринариялық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

9) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасына арналған ветеринариялық препараттарды сақтауды, оларды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды, жануарға арналған ветеринариялық паспортты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру және оларды тасымалдау (жеткізу);

11) ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлеріне қажеттілікті айқындау және процессингтік орталыққа ақпарат беру;

12) процессингтік орталықтан алынған ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерін ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды берушілерге олармен беруге шарттар жасасқанға дейін беруді қамтамасыз ету;

13) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккордың жүргізілуін ұйымдастыру;

14) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру;

15) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

16) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу;

17) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

18) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

19) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды:

ішкі сауда объектілерінде;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда;

экспортын (импортын) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, қайта өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне жүзеге асыру;

20) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

21) жеке және заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;

22) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды уәкілетті органға ұсыну;

23) жануарлардың энзоотиялық аурулардың профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру;

24) уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың энзоотиялық және басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

25) ветеринария мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

26) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

27) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларға қатысу;

28) профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекіту;

29) ветеринариялық препараттар мен жемшөп қоспаларын өндірумен, өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің импортымен, экспортымен, транзитімен байланысты қызметті қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын орындау жөніндегі қызметін бақылау және қадағалау;

30) республикалық қорды қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар бойынша сатып алынған ветеринариялық препараттарды бөлу, олардың сақталуын, тасымалдануын (жеткізілуін) және пайдаланылуын бақылау және қадағалау;

31) ветеринарлық есепке алу мен есептілікті жүргізу және оларды Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсыну;

32) ветеринарлық іс-шаралардың орындалуын бақылау және қадағалау;

33) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің қауіпсіздігін, ветеринариялық-санитариялық жағдайды бақылауды және қадағалауды; жануарлар аурулығының пайда болуы мен таралуы және жануарлардың азықтан улануы себептері мен жағдайларын айқындау және анықтау;

34) ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендірудің жүргізілуін бақылау және қадағалау;

35) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

36) жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және жою қағидаларын, жануарларды асырауды санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) заңда белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашуға;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде мекеменің толық атауы бар мөрі, мөртабасы және бланкілері болуына, сонымен қатар бекітілген тәртіпте тіркелген эмблемасының (белгісінің) болуы;

3) оралымды басқаруында мүлкі, сондай-ақ дербес балансы немесе сметасы болуына;

4) егер де Қазақстан Республикасы заңнамалары бұзылған жағдайда сотта талап қоюшы болуға;

5) бекітілген заңдылықтарға сәйкес ветеринариялық-санитариялық нормативтер мен талаптарды бұзған жағдайда ветеринария саласында кәсіпкерлік қызмет атқарушы заңды және жеке тұлғалардың лицензияларын тоқтату немесе қайтып алу туралы шешім шығаруға;

6) аудан, қала әкімшіліктерінің ветеринария саласы бойынша іс-әрекеттерін үйлестіруге;

7) бекітілген тәртіппен эпизоотияға қарсы төтенше жағдай комиссиясын құруға ұсыныс беруге;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен және шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

### 3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) басқарманың бірінші басшысы облыстың бас мемлекеттік дәрігері болып табылады;

2) өз қызметін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

3) орынбасарының және бөлім басшыларының міндеттері мен өкілеттіліктерін анықтайды;

4) қызметкерлерді қызметке тағайындайды және босатады;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерді ынталандыруды жүзеге асырады;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданады;

7) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік және қаржы құжаттарына қол қояды;

8) бөлімдердің ережелерін бекітеді;

9) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда сенімхатсыз Басқарманы білдіреді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды қолданады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қолданбағаны үшін дербес жауапкершілікте болады;

11) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдерімен аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) ветеринария бөлімдерінің басшыларын қызметке тағайындауға келіседі;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. Басқарма аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Басқарма басшысы басқарады.

24 Басқарманың жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

25. Басқарма мен облыс әкімдігі, Басқарма әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

26. Басқарманың жұмыс режимі:

1) Басқарма дүйсенбіден бастап жұмаға дейін аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) Басқарманың жұмыс уақыты: жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00 - де басталып, сағат 19.00-де аяқталады. Сағат 13.00-ден сағат 15.00-ге дейін үзіліс;

3) Басқарма сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.

### 4. Басқарманың мүлкі

27. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

28. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

29. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

### 5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

30. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

# ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНА АРНАЛҒАН АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 28 қарашадағы № 257-V Қазақстан Республикасының Заңымен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне 2015 жылдан бастап шаруа қожалықтарының арнаулы салық режимдерін, қолдану бөлігінде енгізілген келесі өзгерістер мен толықтыруларды хабарлайды:

Шаруа қожалықтары мына салық режимдерінің бірін таңдап алуға құқы бар:

1) Шаруа қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі;

2) Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі;

3) Жалпыға бірдей белгіленген тәртіп.

Шаруа қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі бюджетке бірыңғай жер салығын төлеу тәртібімен жүргізіледі. Бұл тәртіпті акцизделінетін тауарларды өндіру, өңдеу және сатуды қоспағанда ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші шаруа қожалықтарына, акваөнімдер (балық өсіру), ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу, акваөнімдерді өңдеумен (балық өңдеу) айналысушы тұлғалар қолданады.

Күнтізбелік жыл бірыңғай жер салығы бойынша салықтық кезең болып табылады, яғни бірыңғай жер салығы бойынша қызмет атқаратын шаруа қожалықтары жеке иелігіндегі немесе жалға алынған жер телімдері орналасқан жері бойынша Мемлекеттік кірістер органдарына жылына бір рет 31 наруызға дейін салықтық декларация табыс етеді.

Шаруа қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін (бұдан әрі – АСР) мына шартқа сәйкес келетін шаруа қожалықтары атқара алады:

1) жеке иеліктегі немесе жалға алынған ауыл шаруашылығына арналған жер телімінің жалпы ауданы келесі шекті мөлшерден аспаған жағдайда:

Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары – 3500 га;

Атырау, Маңғыстау облыстары – 1 500 га;

Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары – 500 га;

2) Тек қана арнаулы салық режимдерінде қаралған қызметпен айналысады;

3) Қосылған құн салығының төлемгері болмаған жағдайда, 2015 жылдан бастап осы арнаулы салық режимін қолдануға құқылы.

Осыған байланысты, бөлек есепке алуды жүргізу туралы бірыңғай жер салығын (бұдан әрі – БЖС) төлеушілерге арналған ережелер алынып тасталды.

Заңмен Салық кодексінің 442, 446, 447, 493, 496, 498-баптарына өзгерістер енгізілген, бұл өзгерістерге сәйкес қоршаған ортаға БЖС төлеушілер эмиссия үшін төлемақы төлеуден босатылған.

Осыған орай, 2015 жылдан бастап БЖС мөлшерлемелері ұлғайтылды (444-бабы):

| №/№ р/с | Жер учаскелерінің алаңы (гектар) | Салық мөлшерлемесі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | 500-ге дейін | **0,15** % |
| 2. | 501-ден 1000-ға дейін қоса алғанда | 500 гектардан бағалау құнының **0,15 %** + 500 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының **0,3 %** |
| 3. | 1001-ден 1500-ге дейін қоса алғанда | 1000 гектардан бағалау құнының **0,3 %** + 1000 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының **0,45 %** |
| 4. | 1501-ден 3000-ға дейін қоса алғанда | 1500 гектардан бағалау құнының **0,45 %** + 1500 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының **0,6 %** |
| 5. | 3000-нан жоғары | 3000 гектардан бағалау құнының **0,6 %** + 3000 гектардан асатын гектарлардың бағалау құнының **0,75 %** |

Одан басқа, жайылымдар, табиғи шабындықтар және арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын басқа да жер учаскелері бойынша бірыңғай жер салығын есептеу жер учаскелерінің жиынтық бағалау құнына 0,2% мөлшерлемесін қолдану арқылы қолданылатын болады.

Бұл ретте, Салық кодексінің 439-бабы 3-тармағына Қазақстан Республикасының аумағында жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде шаруа немесе фермер қожалықтарына арнаулы салық режимін қолдану құқығы берілетінін қарастыратын нақтылаулар енгізілді.

Салық кодексінің 448-бабына толықтырулар енгізілген, осы толықтыруларға сәйкес жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде, салық төлеушіге осы АСР қолдану құқығы берілетін болады. Бұл ретте, осы талап омарта шаруашылығының өнімін өндіру, сондай-ақ өз өндірісінің көрсетілген өнімін қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды.

Мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы (оның ішінде, асыл тұқымды) өнімін өндіретін заңды тұлғалардың режимін қолдану шарттарынан толық тізбекті (төлді өсіруден бастап) өндірісті жүзеге асырудың қажеттілігі туралы нақтылаушы ережелер алып тасталды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану үшін осы жерлерге жер салығының мөлшерлемелері ұлғайтылған, ал жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жергілікті өкілді органдардың Қазақстан Республикасының жер салығының мөлшерлемелерін жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде он еселеп асырмай жоғарылату құқығы берілді (444-баптың 1-1 тармағы).

Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері, қолданылатын салық салу режиміне тәуелсіз, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге енгізілген ауыл шаруашылығы техникасы бойынша көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылмайды (365-бабтың 3-тармағының 1) тармақшасы).

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану үшін жергілікті өкілді органдардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде он еселеп асырмай жоғарылату құқығы берілді (444-бап).

**Ж. БАБАСОВ,**
**Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы салық заңнамасын түсіндіру бөлімінің басшысы.**

---

**«Сыр бойы» газеті оқырмандарының құқық саласындағы сұрақтарына Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, адвокат С.Д.Жұбатов жауап береді.**

**Сұрақ:** Жол полициясы қызметкерлерінің көлік құралдары жүргізушілерінен сақтандыру полисін көрсетуді талап етуі заңды ма, заңды болса, олар қандай заңға сүйенеді?

**А.САДАҚБАЕВ,**
Тасбөгет қыстағы.

**Жауап:** Қазақстан Республикасының «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңында «Көлік құралын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынсыз пайдалануға жол бермеу» деп аталатын арнаулы 7-ші бап қаралған. Бұл баптың талаптары бойынша:

1. Иесінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болмаған жағдайда, көлік құралын пайдалануға жол берілмейді.

2. Көлік құралын басқаратын адам көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисін өзімен бірге алып жүруге және оны Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес уәкілеттік берілген жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлеріне және көліктік бақылау органдарының лауазымды адамдарына тексеру үшін көрсетуге міндетті.

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері және көліктік бақылау органдары құжаттарды тексерген кезде көлік құралын басқаратын адамнан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисін көрсетуді талап етуге міндетті.

**Сұрақ:** Біздің көшенің бойында жеке меншіктегі монша бар. Оны автокөліктердің ескі дөңгелектерімен, тағы да басқа қалдықтармен жағады. Ал пайдаланған лас суы көшедегі арыққа жіберіледі. Осы моншаның иісі, әсіресе жаз күндері қолқамызды алып көшемен жүре алмай қаламыз, иісі үйге де кіреді. Ол жөнінде жергілікті органдарға арызданып едік, Қазақстан Республикасы Президентінің 27.02.2014 жылғы №757 Жарлығына сәйкес тексере алмаймыз дейді.

**С.АЛДАБЕРГЕНОВ,**
Қызылорда қаласы.

**Жауап:** Сіз айтып отырған Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» 27.02.2014 жылғы №757 Жарлығының 1-бөлімінің талаптарына сай «Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар 2014 жылғы 2 сәуірден бастап 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін... конституциялық құрылысқа, ұлттық қауіпсіздікке, заңдылыққа және қоғамдық тәртіпке тура және тікелей қауіп-қатер төндіретін іс-әрекеттің алдын алу немесе жою мақсатында жүргізілетін тексерулерді қоспағанда, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді тоқтатсын» делінген. Оның үстіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы №94 «Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қаулысының 1-бөлімі 3-тармағы 1-тармақшасына сәйкес, монша – әлеуметтік мақсаттағы, тұрмыстық қызмет көрсету және халыққа қызмет көрсететін объект (коммуналдық мақсаттағы объект). Осыған байланысты, егер моншаның иісі қолайсыздық туғызып жатса, санитарлық-эпидемиологиялық қызметке бұл жағдайды тексеру жөнінде жазбаша түрде арызданыңызға болады.

**Сұрақ:** Мен күйеуім мен бала-шағаларым тұрып жатқан үйді күйеуімнің шешесі тірі кезінде күйеуімнің атына мұрагерлікпен аударып кеткен. Егер мен күйеуіммен ажырасқан жағдайда мен бұл үйден үлес ала аламын ба?

**Шолпан,**
Қызылорда қаласы.

**Жауап:** Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 35-бабының талаптарына сай ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі болып мыналар табылады:

- некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлік;

- ерлі-зайыптылардың некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде мұрагерлік тәртібімен немесе өзге де өтеусіз мәмілелер бойынша сыйға алған мүлкі.

Осы себепті Сіздің бұл үйден үлес алуға құқыңыз жоқ.

**Сұрақ:** Соттың менің пайдама борышкерден қарызымды өндіріп беру туралы заңды күшіне енген шешімі мен атқару қағазы бола тұрса да, сот актілерін орындау жөніндегі басқарма қызметкерлерінің орындаушылары бірнеше айдан бері әртүрлі сылтау айтып менің қарызымды өндіріп беру жөнінде шара көрмей келеді. Бұған қандай шара көруге болады?

**С. БАҚТЫБАЕВ,**
Қызылорда қаласы.

**Жауап:** Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 127-бабына сәйкес (Сот орындаушысының шешіміне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау) өндіріп алушы немесе борышкер сот орындаушысының атқарушылық құжатты орындау жөніндегі шешіміне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) немесе осындай әрекеттер жасаудан бас тартуына сотқа шағым жасауы мүмкін. Шағым Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде сотқа беріледі. Бұл жөнінде Сіз сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне қарасты сот актілерін орындау жөніндегі Департаментіне шағымдана аласыз.

**Құқық тақырыбына байланысты басқа сұрақтарыңызды заңгердің zhubatov.serik@mail.ru, редакцияның syrboyi@mail.ru электрондық пошталарына жолдауларыңызға немесе заңгердің 8(7242) 40 88 66 телефоны арқылы хабарласуларыңызға болады.**

---

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 23 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №795 ҚАУЛЫСЫ

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 21. 01.2015 жылы № 4849 тіркелген

## «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН САЛАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІРІКТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2013 ЖЫЛҒЫ 11 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ № 275 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру Қағидасын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі №275 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4524 нөмірімен тіркелген, 2014 жылғы 16 қаңтарда «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.»;

аталған қаулымен бекітілген Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру Қағидасының 11-тармағының 8-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) заңды тұлғалар үшін қосымша:

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

құрылтайлық құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе егер заңды тұлға қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген Үлгі жарғының негізінде жүзеге асырса, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтінішінің нотариалды куәландырылған көшірмесі».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ. КӨШЕРБАЕВ.**

---

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 23 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №797 ҚАУЛЫСЫ

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 20.01.2015 жылы № 4847 тіркелген

## «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 7 НАУРЫЗДАҒЫ №515 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 7 наурыздағы №515 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4631 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2014 жылғы 4 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізіп, мемлекеттік тілдегі нұсқасы өзгеріссіз қалдырылсын;

аталған қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса берілген «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.»;

аталған қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ережесінде:

қосымшаның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі»;

9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Басқарманың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1.».

2. «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н.Годуновға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ.КӨШЕРБАЕВ.**

---

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**«Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, № 1, анықтама үшін телефоны: 8(7242)605428, info@uf.orda.gov.kz «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:**

**Қызылорда облысының қаржы басқармасының әкімшілік және аппарат қызметін қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы-заңгер (D-O-4 санаты – 1 бірлік).** Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Негізгі функционалдық міндеттері:** Басқарма жұмысындағы заңдар, нормативтік актілер бойынша құқықтық сұрақтармен жұмыс жүргізу, қойылған мәселелердің заң жүзінде шешімдерін табу, жалпыға бірдей құқықтық оқу сағаттарын жүргізу. Басқарманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, сондай-ақ басқармаға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша тиісті шараларды және осы аумақтағы өзге де жұмыстарды атқару.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:** Құқық (құқықтану) мамандығы бойынша жоғары білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі құқық (құқықтану) білімі барларға рұқсат етіледі.

**Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:**

1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижесімен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдық куәландырылған сертификат көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекенжайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін **бір жұмыс күні бұрын** кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап **он жұмыс күні ішінде** 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, № 1, № 551 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап **екі жұмыс күні ішінде** әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткермен әңгімелесу «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінде (Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, № 1) әңгімелесуге шақырған күннен бастап **бес жұмыс күні ішінде** өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға құқы беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына **бір жұмыс күні** қалғанға дейін кешіктірілмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды тіркеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

**«D-O-4» санаттары үшін тестілеу бағдарламасы:** мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); Қазақстан Республикасының конституциялық заңы «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**Қызылорда облысының қаржы басқармасының конкурстық комиссиясы.**

---

# ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ДАМЫТУ БАҒЫТЫНДА ҚАРЖЫ КӨЛЕМІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Денсаулық сақтау саласында негізгі басымдықтар ретінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің сапасын және қолжетімділігін арттыру, онкологиялық аурулармен, қан айналым ауруларымен, туберкулезбен ауырушандықты азайту, сондай-ақ мамандандырылған медициналық көмекті дамыту саналады.

Осы орайда медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін және сапасын жақсарту бағытында жасалып жатқан жұмыстар қатарында Жалағаш ауданы Жалағаш кентіндегі ауысымы 250 келушіге арналған емхананы және Арал ауданы Сексеуіл кентінде ауысымы 100 келушіге арналған ауылдық емхана құрылыстарын аяқтау бар. Сондай-ақ, қалалық туберкулезге қарсы күрес және наркологиялық диспансерлерінің ғимараттары күрделі жөндеуден өткізіледі. Облыс көлемінде Қызылорда қаласындағы 200 төсек-орындық облыстық балалар ауруханасының құрылысын жалғастыру көзделуде. Жаңақорған кентіндегі 250 келушіге арналған емхана құрылысын салу жұмыстары басталды.

2014 жылы облыстағы медициналық ұйымдарға барлығы 91 санитарлық автокөлік сатып алынған болатын. Оның 6 бірлігі қалалық жедел-жәрдем станциясына берілді. Айта кететін жайт, үстіміздегі жылы Қызылорда қаласында қалалық жедел жәрдем станциясына 2 кардиореанимациялық бригадасын құру жоспарлануда. Бұл дегеніміз – жедел жәрдем, яғни кардиологиялық қызметті көрсетіп және шақыртулар кезінде уақытты қысқартып, сапалы медициналық көмекті жақсартады.

Мұнан бөлек ауылдық елдімекендер тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жақсартуға аса ден қойылуда. Осыған сәйкес 2013 жылдан бастап жабылып қалған 13 ауылдық ауруханаға қайта ашып, толықтай медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда қайта ашылған ауылдық ауруханалар толықтай жұмыс атқаруда.

Жылма-жыл республикалық бюджеттен ауруды ерте бастан анықтау және алдын алу мақсатында скринингтік зерттеулер жүргізуге қомақты қаржылар бөлініп келеді. Бұл жұмыстар қант диабеті, қан айналым аурулары, глаукома, жатыр мойнында, емшекте, қуық безінде, өңеш, асқазан, баурында жаңадан пайда болған ісіктерді анықтау бойынша жүргізіледі, нәтижесінде 49,1 мың адам анықталып медициналық ұйымдарда ем қабылдады.

Облыс көлемінде туберкулез науқастары төмендеп келеді. Бұл көрсеткіштің жақсаруына медициналық емнен бөлек, өткен жылдан бастап туберкулездің мультирезистентті түрімен ауыратын науқастарды сауықтыруға 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде ай сайын әлеуметтік көмек төленуі қамтамасыз етілген болатын. Өткен жылы бұл науқастардың саны 300 болса, 2015 жылдан бастап 523-ке көбейтіп отыр.

Лейкоз және апластикалық анемиямен ауыратын балаларды қалпына келтіру үшін дәрілік препараттардың алдын ала берілуіне қаржы қарастырылды.

Облыстың денсаулық сақтау ұйымдарын бекітілген нормативке сәйкес санитарлық автокөліктермен және медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмыстары 2015 жылы жалғасын табатын болады.

Облыстық медицина мекемелері базасында тиімді перинаталдық технология, жүрек жетіспеушілігінің созылмалы түрінен асқынған жүрек дертімен ауыратын ауруларды құрамдастырылған клапандармен хирургиялық емдеу, микрохирургия, туберкулезді ертерек анықтау және емдеу бойынша алғашқы медициналық көмек көрсететін дәрігерлер және басқа да өзекті мәселелер бойынша 14 мастер-класс өткізу ұйымдастырылады.

Медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін үстіміздегі жылы кем дегенде 300 дәрігер мен 995 орта буын медицина қызметкерлерінің біліктіліктерін көтеруге жіберу жоспарлануда.

**М.АҚМЫРЗАЕВ,**
**облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы денсаулық сақтауды дамыту бөлімінің басшысы.**

ДІН МЕН ДІЛ

# ІЗГІЛІККЕ БАСТАР ЖАҚСЫ НИЕТ

Дін – бүкіл әлемде адамдардың рухани дүниетанымын байыта отырып, жер бетіндегі адамзат қауымының өмір сүру игілігіне өз үлесін қосатын қуатты күш. Оның халықты ынтымақ пен достыққа, бірлік пен татулыққа тәрбиелеудегі маңызы зор. Сонымен қатар ол әлем жұртшылығын жалпыға ортақ құндылықтарды қастерлеп, жамандықтан аулақ, жақсылықпен ауылдас болуға шақырып, өзара түсіністікпен өмір сүруге үндейді. Дін әр кезде мемлекеттің рухани таянышы болып келеді солай болып қала берері де сөзсіз. Еліміздің Тұңғыш Президенті атап айтқандай, "заман күнде өзгереді, ал еліміз бен дініміз – мәңгілік" екені аян. Дін мәңгілік болғаннан кейін оның ғасырлар бойы қалыптасқан ұстанымдары мен қағидалары, аяттары мен дұғалары, сауапты да салауатты іс-шаралары жрасымды жалғасары хақ. Сондықтан Алланың елшісі, Ислам дінінің негізін салушы Мұхаммед

Пайғамбардың туған күні сәйкес келетін Мәуліт мерекесін әр мұсылман хал-қадірінше атап өтуі тиіс.

Тамырын тереңнен тартқан қазақ халқының алмағайып заманда жер бетінен жойылмай, іргелі ел қалпын, салт-дәстүрін жоғалтпай, дінін сақтап қалғаны – оның еркіндікке ұмтылған ерік-жігері мен асқақ рухының, иманы мен ибалылығының арқасы. Өркениетке ұмтылған, заман ағымынан тысқары қалуды ар санайтын қазақ халқы соңғы жылдары әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізуді дәстүрге айналдырды. Мұндағы мақсат, дінаралық татулықты қалыпты ұстау, әртүрлі дін өкілдерінің бір мақсат жолында бірлесе іс-қимыл жасауы. Сонымен қатар еліміздің барлық мешіттерінде, онда жүргізілетін діни сабақтарда Алланың елшісі Мұхаммед (с.а.с.) туралы, оның өмірі мен жер бетінде Ислам дінін енгізудегі атқарған қызметі жайлы жан-жақты әңгімеленеді. Себебі, жан түршіктірер қылмысы көп мына қоғамда адамдар оның елшісі түгіл Алланың өзін еске ала бермейді. Тек қатты қиналған кезінде ғана Құдайды есіне алады, ал Пайғамбарымыз туралы тағы да ұмытып кетеді. Сондықтан да Мұхаммед Пайғамбардың өмірбаянын, хадистері мен сөздерін көпшілікке жеткізу – біздің міндетіміз. Дін саласында алдымен Алланы, сосын оның елшісін, сосын барып өз ата-анасын, отбасын, жақындарын жақсы көрген адам ғана толық иманды жан деп есептеледі.

Бізде Мәуліт мерекесін лайықты атап өту жағын қарастырдық. Мешітте арабша тіл сындыратын 5-10 жас аралығындағы балалар арасында Пайғамбарға (с.а.с.) салауат айтудан жарыс ұйымдастырылды, жеңімпаздар марапатталды. Сонымен қатар Мәуліт мерекесін көпшілікпен бірге атап өту де жұртшылыққа игі әсер етері даусыз.

Есте жоқ ескі заманнан жеткен хадистерде пайғамбарымыз (с.а.с) кімде-кім өзіне бір күнде жүз салауат айтса, Алла оның жүз қажетін орындап қоятынын, ал бір салауат айтса, Алла оған он салауат айтып, он қателігін кешіретінін айтқан. Қараңыз, әр пенде бір ғана салауат айтумен Алладан өзіне он салауат естіп, өзінің он қателігін кешіртеді. Салауат айтудың хадистермен келген сауаптары мен пайдалары жетерлік. Демек, Пайғамбарға салауат айту өзге ғибадаттан артық болмаса кем түспейтіні аян. Себебі, Құран Кәрімде: "Расында Алла және оның періштелері Пайғамбарға салауат айтады. Уа, иман келтірген мүминдер! Сендер де оған салауат айтып, толық мойынұсынушылықпен салауат, сәлем жолдаңдар" делінген. Пайғамбар (с.а.с.) өзі салауатты қалай айту қажеттігін сұраған сахабаларға "Аллоһумма солли ала Мұхаммедин уә әзуәжиһи уә зурриятиһи, кәмә солләйтә ала әли Ибраһимә, уә бәрик ала Мухаммедин уә әзуәжиһи уә зурриятиһи, кәмә бәрактә ала әли Ибраһимә, иннәкә Хамидум Мажид" деп айтуды ұсынған екен. Осылай айтқан әр пенденің адаспасы анық. Яғни, ол пайғамбарға (с.а.с.) салауат айтуымен өзіне, отбасына мол сауап жинайды.

Салауатты көп айтып, күнәларымыздан арылайық, ағайын!

**Жеңіс НҰРЫЛЛАҰЛЫ,**
**"Құддыс ишан" мешітінің бас имамы.**
Тасбөгет кенті.

ҚОЙЫЛЫМ

# ШӘМШІ СЕЗІМІН ОЯТҚАН СЫҒАН ҚЫЗ

Н.Бекежанов атындағы драма театрында ақын, драматург Исрайл Сапарбайдың поэтикалық музыкалық драмасы «Сыған серенадасы» қойылымы көрермендер назарына ұсынылды. Драманың бас қоюшы-режиссері – Қуандық Қасымов.

Қойылымға келген көпшілік қазақтың танымал сазгері Шәмші Қалдаяқовтың өмірімен, әсіресе, оның жұртшылыққа беймәлім тұстарымен тереңірек танысты.

Жас Шәмші жаңбырлы күндердің бірінде Сағыныш есімді арумен танысады. Бірақ екеуінің сүйіспеншілікке толы сырлы сезімдері оларды бір арнада тоғыстыра алмайды. Сазгер махаббат пен жалғыздық күйін кешіп жүргенде сығандар тобырына кез болып, Изольда есімді қызға ғашық болады. Олардың арасында бірнеше айлар бойы болған Шәмшіге сыған қызының махаббаты да оянады. Алайда, сыған халқы еркін, көшіп-қонып жүрген ел болғандықтан, қазақ жерінен кететін сәт жетеді. Сол уақытта ғашықтардың қимастықпен қоштасуына тура келеді. Себебі, Шәмші туған жерін, елін тастап, сүйгеніне еріп кете алмайды. Осылайша, қос жүректің махаббатынан дүниеге «Сыған серенадасы» әні келеді. Бұл нәзік сезім мен романтикалық шығарма — кіршіксіз, таза махаббаттың жемісі болды. Спектакль дарынды композитордың әнімен сүйемелденді. Поэтикалық драма желісіндегі арпалыс, сезім машақаты, Шәмшінің өрмінезді өнегесі көрермендерді бейжай қалдырмады.

– Бүгін қазақтың маңдайына біткен сазгер Ш.Қалдаяқовтың өмірінен сыр шерткен қойылымның куәсі болып отырмын. Әсерлі шыққан дүние. Сазгердің өмірмен арпалысы, оның махаббат сезімдері керемет, өміршең туындыны жарыққа әкелген. Композитордың дарынын еңкейген қарттан, еңбектеген балаға дейін құрметтейді. Ол кісі өзі болмаса да оның шығармалары мәңгі қазақ халқымен жасайды, – дейді көрермен Жансая Жүгінісова.

Расымен де, халықтың «Ән аға, Шәмші ағасы» атанған дарынды композитордың туындылары қазақ жұрты барда мәңгі жасайтын болады.

**М.ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**

САҚТЫҚ

# Мұз үстінде абай бол!

**Қаңтар айы бірде "қабағын" түйіп, бірде жаймашуақтанып, мың құбылып тұр. Осыған байланысты мұз үстінде жүргенде барынша абай болыңыз. Қауіпсіздікті ескермесеңіз, оқыс оқиғаға ұрынып қалуыңыз мүмкін.**

Мұздың қаттылығын көзбен-ақ көріп байқауға болады. Егер мұздың түсі көгілдір болса – берік, ақ болса әлсіз екендігінің белгісі. Ал егер мұздың түсі ақшыл сұр, күңгірттеу болса, бұл мұздың үстімен жүру тұрмақ, маңайына жоламағаныңыз дұрыс.

Мұз үстіне қас қарайған шақта және ауа-райы қолайсыз кезде (тұман, қар, жаңбыр) мүлдем шықпаңыз. Өзеннің арғы бетіне шықпақ ойыңыз болса, өткелмен өтіңіз. Бұл әлдекайда қауіпсіз. Мұзды аяқпен теуіп, тексеруге болмайтынын ұмытпаңыз. Егер, бірінші тепкіден аз мөлшердегі су көрінсе немесе мұз бетінде аз-кем жарықшалар пайда болса, мұз жұқа және оның үстімен жүруге болмайды дегенді білдіреді. Бұл жағдайда міндетті түрде судың жағасына келген ізіңізбен кері қайтыңыз.

Мұздан өтерде, осыған дейінгі салынған әдеттегі ізбен жүріңіз, егер бұндай із болмаса, айналаңызға мұқият қарап, жететін орныңызды жете біліп алыңыз. Топ болып, мұздан өтетін болсаңыздар, мұзға аса қатты салмақ түсірмеу үшін 5-6 метрдей арақашықтық сақтау керек. Егер, сөмке асынсаңыз, тек бір жақ иығыңызға ғана асып жүріңіз. Бұл қауіп кезінде тастай салуға ыңғайлы болмақ. Бұл кезде өзіңізбен бірге 20-25 метрлік арқан ала шығыңыз. Арқанның бір ұшына ауыр салмақтағы бір затты түйіншектеп байлап қойыңыз. Жаныңыздағы серігіңіз мұзға түсіп кеткен жағдайда, арқанның ауыр зат байлаған жағын серігіңізге қарай лақтыруыңыз.

Қыстығүні 10 см қалыңдықтағы тұщы және 15 см қалыңдықтағы тұзды мұздың үстімен жүруге болады. Егер бұл көрсеткіштен жұқа болса, әсте жоламаңыз. Ата-аналарға үлкен ескерту, балаларыңызды мұзға (балық аулауға, шана тебуге) қараусыз жібермеңіз.

Мұзға түсіп кетуге себеп болатын көп жағдай алкогольді ішімдікті тұтынудан болады. Ондай жағдайда адам қауіптен қаша алмай қалып, қайғылы оқиға орын алуы мүмкін. Сондықтан ересектер балық аулауға немесе аңға шыққанда мұз үстінде барынша абай болғаны жөн. Ал көлікпен ешқашан мұз үстінде жүрмеуге кеңес береміз.

**Нұрәли НҰРБЕК.**

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

# АЛАЯҚҚА АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ

Соңғы кезде қазақстандық туристер шетелдерге демалуға жиі сапарлайды. Бұл ел жағдайының жақсартқанын көрсетеді. Бірақ шетелге сапар шеккендердің демалысы сәтті өтпейтін кездер де болады. Өткен жылы демалу туристік қызметін алдын-ала сатып жіберіп, алаяқтық жасап, маусымның нағыз қызған шағында «Гүлнар-тур» туристік компаниясы өз жұмысын тоқтатты. Артынан көп ұзамай «Алмастуризм» турагенттігінің дауы басталды. Осы секілді туристік компаниялардың төңірегіндегі туындаған түрлі проблемалардан әдеттегідей тұтынушылар зардап шекті.

Осындай келеңсіз оқиға себептерінің бірі құқықтық ережелерді жетілдірудің жеткіліксіздігі. Дәлірек айтсақ, туристік қызмет алушы мен қызмет көрсетушінің арасындағы келісімдегі екі жақтың да құқықтық міндеттерінің жеткіліксіздігі немесе келісім-шарттың сауатсыз жасалуы. Туристік қызметті көрсетуші туроператорлар тұтынушылармен келісім-шарт жасайды. Бұл қызметті туроператордың дайындауымен турагенттер де өз атынан көрсете алады. Келісім-шарт заң талаптарына сәйкестендіріліп, қағаз түрінде жасалады. Турист туроператор немесе турагенттен турға кіретін барлық қызмет түрін талап ете алады.

Тұтынушы келісім-шартқа қол қоймас бұрын туристік қызметті ұсынатын туроператор немесе турагент жайлы толық мәліметтерді білуі тиіс. Шетелге жүрер кезде өзінің құқығы жайлы егжей-тегжейімен ұсынылған ақпараттарды, ұсынылған туристік қызмет жайлы толық мағлұматты (турдың бағасы, тасымалданудың түрі мен бағасы, жатын жағдайлары, экскурсиялық саяхат түрлері, т.б.) алуға құқылы. Сонымен қатар, туристік қызмет тұтынушының денсаулығы мен өміріне қауіпсіз болуы қажет және медициналық сақтандыру полисі болуы шарт. Саяхатқа барған кезде тұтынушы инфекциялық аурулармен ауыратын қауіп болса, туристер халықаралық медициналық талаптарға сәйкес алдын ала профилактикалық егулермен қамтылуы керек. Егер саяхаттың кезінде туристің денсаулығына немесе өміріне зиян келтірілсе, ол толығымен қалпына келтірілуі тиіс.

Қазіргі таңда саяхат таңдау аса қиындықтарды тудырмайды. Саяхатқа бармас бұрын бірінші кезекте туристік қызметті ұсынған турфирма, компания, кәсіпкер туралы барлық мағлұматты біліп алған жөн. Турфирма нарықта танылған, көпшілікке белгілі, беделді оператор болғаны жақсы. Туроператордың беделін біліп, мұқият зерттеп зерделеп алған соң ғана келісім-шартқа қол қойған дұрыс. Түсініксіз жағдайлар болса туроператордың менеджеріне, сенімсіз болсаңыз білікті заңгердің кеңесін алуға тырысыңыз. Қорыта келгенде, туристік қызмет көрсету саласындағы алаяқтан сақ болыңыз!

**Нұрсұлу НҰРМАҒАМБЕТОВА,**
**қалалық тұтынушылар құқығын қорғау басқармасының бөлім басшысы.**

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

# ҮСІК ШАЛҒАН КЕЗДЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

Қыс мезгілінде ауа-райының суық болуынан далалы аймаққа ұзақ уақытқа шыққан уақытта адамдарда үсік шалу оқиғалары орын алуы мүмкін екендігі белгілі. 2013 жылы облыс бойынша 2 адам суыққа үсіп, қайтыс болуы тіркелсе, 2014 жылы ауа райының суытуы кезеңдерінде 7 адамды үсік шалып, қайтыс болған.

Қазіргі уақытта ауа райының тұрақты жылылығы сақталғанымен «Қазгидромет» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының мәліметінше, қаңтар айының соңы мен ақпан айының басында кей жерлерде ауа температурасы төмендейтіндігі күтіледі.

Үсікке шалдығу төмен температураның әсерінен дене мүшесінің кей бөлігінің зақымдануынан (тіпті жаны кетуге дейін) болып табылады. Көбінесе үсінуге шалдығу қыстың суық мезгілінде қоршаған орта температурасы –10оС - –20о С төмен кезде орын алады. Көктемде және күзде ауа температурасы нөлден төмен кезінде далада көп уақыт, әсіресе ауа өте ылғалды және күшті жел болғанда да үсік шалуы мүмкін

**Үсік шалуға әкеп соғатын жағдайлар:** Аязда тар және дымқыл киім мен аяқ киім кию, қатты шаршау, ашығу, ұзақ уақыт қозғалыссыз және ыңғайсыз болу, алдыңғы суықтан алған жарақаттың болуы, аурудың нәтижесінде болған ағзаның әлсіреуі, аяқтың тершеңдігі, аяқ-қол буындарының және жүрек-тамыр жүйесінің созбалы аурулары, қан жоғалтумен болған ауыр механикалық зақымданулар үсуге шалдығуға әкеп соқтырады.

Үсінудің төрт дәрежесі болады. Үсінудің I дәрежесі (аса жеңілі) аз уақыт суық әсер етуіден. Бұл жағдайда терінің жаны кетпейді. Ондай үсінуге шалдығудың бірінші белгісі – зақымданған жерлердің жансыздануына әкеп соқтыратын күюді, шаншуды сезіну. Содан соң тері қышиды және ауырады.

**Үсуге шалдығу кезінде алғашқы көмек.**

Алғашқы көмек тоңуды тоқтатудан, аяқ-қолды жылытудан, суыққа шалдыққан ұлпаларда қан айналымын қалпына келтіру мен инфекцияның алдын алудан тұрады.

Үсуге шалдығу белгілерін байқаған кезде бірінші – **зардап шегушіні жақын маңайдағы жылы жерге апару,** қатып қалған аяқ киімді, шұлықты, қолғапты шешу керек. Алғашқы көмек іс-шараларын өткізумен бірге дәрігерлік көмек көрсету үшін шұғыл түрде дәрігерді, жедел жәрдемді шақыру қажет.

**I дәрежелі үсікке шалдығу** кезінде тоңған жерлерді қызарғанға дейін жылы қолмен жеңіл уқалау, жұн матамен ысқылау, деммен жылыту керек, содан кейін мақта-дәкемен орау керек.

**II дәрежелі үсіну** ұзақ уақыт суық әсер етуінен болады. Оған аса тән белгі – зақымданудан кейінгі бірінші күні теріде түссіз сұйықтық толған көпіршіктің пайда болуы. II дәрежелі үсінуден соң ауруды I дәрежелі үсінуге қарағанда ұзағырақ және тереңірек сезінеді, тері қышиды және ауырады.

**III дәрежелі үсіну** кезінде температураның төмендеуі және ұлпаға суық әсерінің ұзақтығы артады. Бастапқы кезде теріде пайда болған көпіршіктердің іші қанға аралас, түбі қоңыр-көк болады және тітіркендіргіштерді сезбейді. Терінің барлық элементтері өледі де соңында бітеледі.

**IV дәрежелі үсіну** температураның аса төмендеуінен және ұзақ уақыт суықта қалу әсерінен туады. Ол көбінесе III және II дәрежелі үсікке шалдығумен үйлеседі. Жұмсақ ұлпаның барлық қабаттары өледі, жиі сүйек пен буын зақымданады.

Зақымданған дене көгереді, тіпті кейде мәрмәр түсті болады, жылыған кезде ісіктер ұлғая бастайды. Денедегі ісіктің біраз ұлғайған жерінде көпіршіктің болмауы, сезімталдығының жоғалтуы IV дәрежелі үсуге шалдығудың куәсі болып табылады.

**II - IV дәрежелі үсікке шалдығуда** тез жылыту, қатты уқалау мен ысқылаудың қажеті жоқ. Зақымданған жерді жылу өткізбейтін таңғышпен ораңыз (дәке қабатымен, қалың мақта қабатымен, тағы дәке қабатымен, үстіне су жібермейтін матамен таңу). Зардап шегушіге ыстық сусын, ыстық тамақ, 1 таблеткадан аспирин, анальгин, 2 таблетка «Но-шпа» және папаверин беруге болады.

**Аурудың үсік шалған денесін қатты матамен немесе далалы аймақта қармен ысқылауға кеңес берілмейді,** өйткені саусақтар мен табандардың қан тамырлары өте нәзік болады, сондықтан оларға зақым келуі, теріде пайда болған кішкентай жарықшақтар инфекция түсуіне жол береді. Үсінген аяқ-қолды отқа өте жақын ұстап жылытуға, бақылаусыз жылытқыштар мен сол сияқты қауіпсіз жылу көздерін қолдануға болмайды, өйткені үсіну барысын қиындатады және асқынуға әкеп соғады.

ТӨМЕН БАҒАДА КӨКӨНІС ЖӘНЕ ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕР

**Тұрғындарды арзан бағада, сапалы ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімдігі қолдауымен «Байқоңыр (Байконур)» ӘКК» ҰК» АҚ-ның «Мирас» сауда орталығы арасындағы әріптестік келісім негізінде шаралар қабылдануымен қала бойынша «Төмен баға» атты 3 (үш) әлеуметтік сауда орны ашылғандығын хабарлаймыз.**

«Төмен баға» сауда орындарында ауылшаруашылық өнімдері арзан бағада, яғни нарық бағасынан 15 пайыз төмен сатылуда.

Аталған дүкендерді мына мекенжайлардан таба аласыздар:

1. Ескі базар маңы «Ажар» сауда үйіне қарама-қарсы орналасқан «Төмен баға» дүкені;
2. Абуов көшесі 14, яғни қалалық емханаға қарама-қарсы орналасқан «Эльман» дүкені;
3. «Мирас» сауда үйіне қарама-қарсы орналасқан «Төмен баға» дүкені.

Жоғарыда айтылған мекен-жайларды «Төмен баға» деген жарнамалық белгі арқылы таба аласыздар!

Азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында Қызылорда қаласының Тоқтыбаев көшесі бойында күнделікті азық-түлік өнімдерінің жәрмеңкесі өткізіледі.

Жәрмеңкеде азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорындағы өнімдермен бірге «Мирас» сауда орталығы және «Дәмді» сауда маркалы өнімдері нарық бағасынан 15-20 пайыз төмен бағада сатылады.

70-00-52 ЖАРНАМА 70-00-49 ● 70-00-52 ЖАРНАМА 70-00-49 ● 70-00-52 ЖАРНАМА 70-00-49

## ХАБАРЛАМА

120014, ҚР, Қызылорда қ., Қазыбек би көшесі, 13, телефон 8 (7242) 29-95-03, 29-98-91 мекенжайында орналасқан «Көлжан» ЖШС «Солтүстік Кетеказған кен орнын сынамалы пайдалану жобалық құжатының» «Қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау жобасын» 120008, ҚР, Қызылорда қ., Желтоқсан көшесі, 150, телефон 8 (7242) 23-02-44 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысы бойынша экология департаменті мемлекеттік экологиялық сараптамасының қарауына ұсынылғандығын хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 57-бабына сәйкес барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Құрметті «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының тұтынушылары назарына!**

«Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Сіздерге Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 2-тармағына (Тұрақсыздық төлемі) және 2015 жылға сумен қамтамасыз ету және сарқынды суды бұру қызметтеріне екі жақты бекітілген келісім-шартқа сәйкес, көрсетілген қызметтерге уақытылы төлемақыларын төлемеген тұтынушыларға әр ай сайын тұрақсыздық төлемі есептелінетінін хабарлаймыз.

Осыған байланысты коммуналдық төлемақыларыңызды қордаландырмай уақытылы төлеп отыруларыңызды сұраймыз.

**«Қызылорда су жүйесі» МКК.**

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Толеубаева Камалдың атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Фима Скатков көшесі №1 «А» үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-008-897, №0214569) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Ермаханова Құндызайдың атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Асқар Тоқмағанбетов ауылы, Ардагерлер көшесі №9 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-012-232, №КЗ 0033173) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Султанбеков Сакен Нуртазаевичтің атына Қызылорда көпсалалы гуманитарлық-техникалық колледжін «Ақпараттарды өңдеу мен басқарудың автоматтандырылған жүйелері» мамандығы бойынша 01.07.2011 жылы бітіргені жөнінде берілген ТКБ №0080202 дипломы қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Әлібаева Жадыра Жарылқасынқызының атына Қызылорда облысындағы №10 Тереңөзек орта кәсіптік-техникалық училищесін аспаз мамандығы бойынша 30.05.1994 жылы бітіргені жөнінде берілген ДП №061171 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, "Нұр Отан" партиясының облыстық филиалы Қызылорда облыстық телекоммуникациялар дирекциясының бас директоры Сәдібек Балтабайұлына жұбайы

**Әсия Мадиярқызының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қызылорда облыстық телекоммуникация дирекциясының ұжымы осы дирекцияның бас директоры Сәдібек Балтабайұлына зайыбы

**Әсия Мадиярқызының**

кенеттен қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС басшылығы мен еңбек ұжымы орны толмас қаза – «АН-2» ұшағының апатынан қайтыс болған осы серіктестіктің техникалық даму департаментінің директоры

**Ғабит Төлеубайұлы Төлеубаевтың,**

«Балқаштүстімет» ӨБ бас механигі

**Ербол Бейішұлы Ыбыраевтың,**

«Балқаштүстімет» ӨБ техникалық және инвестициялық жоспарлау бөлімінің бастығы

**Ұлбазар Хамиқызы Есмағанбетовалардың**

қайтыс болуына байланысты марқұмдардың отбастары мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланған материалдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жазылады.
Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 24415
Тапсырыс № 75
Электронды оқылым 28000.